Регламентте және Құжаттамада белгіленген талаптар мен шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

25. Іріктеуге қатысуға ниет білдірген үміткердің ұсынысында құжаттама нысанында:

1) осы Регламенттің [13-тармағында](#) көзделген шектеулердің жоқтығы туралы;

2) осы Регламенттің 13-тармағының 1), 8), 9) және 10) тармақшаларында белгіленген шектеулер фактілері анықталған жағдайда шартты біржақты тәртіпте бұзуға келісу туралы санамаланған құжаттар қамтылуға, сондай-ақ оның расталуы қамтылуға тиіс.

Үміткер бір ғана ұсыныс береді.

26. Қазақстан Республикасының резиденті емес үміткер осы регламентте көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды не ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

27. Ұсыныстар, егер:

1) үміткер ағымдағы іріктеуге ұсыныс жасаса;

2) ұсыныс электрондық порталға ұсыныстарды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түссе;

3) баға ұсынысы бөлінген сомадан асып кетсе;

4) баға ұсынысы демпингтік болып табылса;

5) үміткер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса Электрондық порталдың автоматты түрде қабылдамауына жатады.

28. Ұсыныстардың қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік отыз күнді құрайды.

29. Үміткер қажет болған жағдайда ұсыныстарды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өз ұсынысын өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

30. Ұсынысты ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

31. Үміткерлерге құжаттамаға сәйкес талап етілетін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы не электрондық порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы алынатын жекелеген құжаттарды ұсынуға жол беріледі.

## 7. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды ашу және қарау

32. Іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарды ашуды электрондық портал іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарды берудің соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді.

33. Егер іріктеуге қатысуға бір ғана ұсыныс берілген жағдайда, онда мұндай ұсыныс та осы Регламентке сәйкес ашылады және қаралады.

34. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды ашу хаттамасын оларды ашу сәтінде электрондық портал автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте электрондық портал іріктеуге қатысуға ұсыныстар берген комиссия мүшелеріне, үміткерлерге автоматты хабарламаларды таратады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) 35-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) 35-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

35. Комиссия осы Регламентте және Құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін үміткерлерді айқындау мақсатында іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарды қарайды. Комиссия біліктілік талаптары мен құжаттама талаптарында көзделген, бірақ біліктілік талаптары мен құжаттама талаптарына, заң талаптарына және

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

инжинирингтік компанияларға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін құжаттардың және/немесе мәліметтердің толық пакетін ұсынған, инжинирингтік қызметтер көрсету құқығына үміткерлерді анықтаған жағдайда, Құжаттама талаптарымен алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, мұндай үміткерлерге іріктеуге қатысуға ұсыныстарды біліктілік талаптарына және инжинирингтік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарға сәйкес келтіру құқығын береді. Үміткердің іріктеуге қатысуға ұсынысын пысықтау үміткердің бұрын ұсынған ұсыныста қамтылған мәліметтерді нақтылауын, түсіндіруін, сондай-ақ үміткердің мәлімделген аттестатталған сарапшылары осы іріктеуді жүргізу кезеңінде үміткер жеңімпаз деп танылған басқа объект бойынша тартылған жағдайларда тартылатын сарапшылар бөлігінде ауыстыруды білдіреді. Іріктеуге қатысуға ұсынысты біліктілік талаптарына және Құжаттама талаптарына сәйкес келтіру үшін әлеуетті өнім берушілерге:

1) осы Регламенттің [13](#) және [14-тармақтарының](#) талаптарын бұзған;

2) біліктілік талаптары мен құжаттама талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынған;

3) біліктілік талаптары мен құжаттама талаптарында көзделген құжаттардың және/немесе мәліметтердің толық пакетін техникалық сипаттамаға ұсынбаған жағдайларда құқық берілмейді.

36. «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

37. Үміткерлердің осы Регламентте және құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарды алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні комиссия төрағасы және барлық мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қоятын іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделеді.

38. Алдын ала рұқсат беру хаттамасы іріктеуге қатысуға ұсынылған ұсыныстар туралы ақпаратты, оның ішінде осы Регламентте және құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін үміткерлердің тізбесін, олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып қамтиды.

39. Үміткерлер осы Регламентте және құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді. *«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) 40-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 [шешімімен](#) 40-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

40. Үміткерлерді іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы комиссия шешімі іріктеуге қатысуға ұсыныстар ашылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады және іріктеуге қатысуға ұсыныстар берген барлық үміткерлерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, комиссия хатшысы электрондық порталда орналастырады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) 41-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

41. Іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына комиссияның барлық мүшелері электрондық порталда қол қояды. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда осы комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі және құжаттың электрондық көшірмесі нысанында электрондық порталда орналастырылады. Комиссияның тиісті іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына комиссияның қандай да бір



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

мүшесінің қолы болмаған жағдайда, Комиссия хатшысы Электрондық порталда қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты орналастырады.

42. Сұрауды жіберуге және комиссияның іріктеуге қатысуға ұсынысты жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, іріктеуге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға байланысты өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

43. Егер үміткер іріктеуге қатысуға жіберілмеген жағдайда, онда іріктеу қорытындылары туралы хаттамада қабылдамауға негіз болған растайтын мәліметтерді немесе құжаттарды көрсете отырып, осындай үміткерді іріктеуге қатысуға ұсынысты қабылдамаудың негіздемелері көрсетіледі.

44. Үміткер іріктеуге қатысуға жіберілмейді (іріктеуге қатысушы болып таныла алмайды), егер:

1) ол келесі негіздер бойынша осы Регламентте белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп айқындалса;

а) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы [заңнамасына](#) сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда үміткер Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

б) үміткердің қызмет көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбауы;

в) іріктеу жөніндегі ұсыныстарды ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынбау;

г) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы;

д) «Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

е) мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық емес мәліметтерді ұсыну;

ж) құжаттамада белгіленген инжинирингтік көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін иелену бөлігінде үміткердің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

з) үміткердің құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігіндегі талаптарға сәйкес келмеуі;

и) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталса;

к) банкроттық не тарату рәсіміне жатады;

2) егер оның іріктеуге қатысуға ұсынысы мынадай негіздер бойынша құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін болып айқындалса:

а) техникалық ерекшелікті ұсынбау;

б) үміткердің құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сол сияқты техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

в) тендерлік өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталса;

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

г) осы Регламенттің [13-тармағында](#) көзделген іріктеуге қатысумен байланысты шектеулері бар;

д) оның баға ұсынысы демпингтік деп танылды (15%-дан астам).

Егер құжаттамада инжинирингтік қызметтер көрсету нарығында жұмыс тәжірибесін иелену бөлігінде талаптар белгіленбесе, жұмыс тәжірибесі туралы растайтын құжаттардың мәліметтері мен электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді және біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін үміткерлерді айқындау үшін негіз болып табылмайды.

Ұйымдастырушы құжаттамада үміткердің инжинирингтік көрсетілетін қызметтер нарығында соңғы он жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша баға ұсынысына әсер ететін өлшемшартты көздейді және егер 2 (екі) және одан да көп кезектер салуды көздейтін жобаға іріктеу жарияланса және үміткер (лер) инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді бір және одан да көп кезектерде жүзеге асырса инжинирингтік компанияға қойылатын талаптарға сәйкес келген және бұрын жасалған шарт (тар) бойынша жұмысқа наразылықтар болмаған жағдайда ЗТЖД туралы бұрын жасалған шарт (тар) шеңберінде жүзеге асырылады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен \(бұр.ред.қара\)](#); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 [шешімімен \(бұр.ред.қара\)](#) 45-тармақ өзгертілді; «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен 45-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)*

45. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша Комиссия үміткерлер пысықтаған өтінімдерді ашқан күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

1) осы Регламентте және Құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін үміткерлерді айқындайды және тендерге қатысушылар деп таниды;

2) тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді.

46. Қорытындылар туралы хаттама келесі ақпаратты:

1) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

2) іріктеуге қатысуға ұсыныстары қабылданбаған үміткерлер туралы, олардың қабылданбау себептері егжей-тегжейлі сипаттала отырып, оның ішінде олардың осы Регламентте белгіленген талаптарға және құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып;

3) тендерлік комиссияның осы регламентте көзделген тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемдерді қолдануы туралы;

4) жеңімпазды анықтау туралы қамтиды.

47. Іріктеу қорытындылары туралы хаттамаға электрондық порталда комиссияның барлық мүшелері қол қояды және іріктеу қорытындылары туралы шешім қабылданған күні комиссия хатшысы электрондық порталда іріктеуге қатысуға ұсыныс берген барлық үміткерлерді автоматты түрде хабардар ете отырып орналастырады.

48. Комиссия іріктеу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде іріктеуге қатысуға бір ұсыныс берілген жағдайларды қоспағанда, іріктеуге қатысуға ұсыныс ұсынған әрбір үміткерге қатысты Регламенттің осы тармағына сәйкес құжаттамада көзделген критерийлерге сәйкес шартты жеңілдіктерді айқындайды.

Үміткер осы критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Комиссия мұндай үміткерге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

49. Комиссия үміткердің инжинирингтік қызметтер көрсету нарығында жұмыс тәжірибесінің болған әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшартты іріктеуге қатысуға ұсыныстың шартты

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды. Іріктеуге қатысатын үміткердің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде Комиссия «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [20-бабына](#) сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері негізінде «Қазақстан Республикасындағы қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» инжинирингтік көрсетілетін қызметтер нарығында ғана жұмыс тәжірибесін қарайды.

50. Комиссия егер 2 (екі) және одан да көп кезектер салуды көздейтін жобаға іріктеу жарияланса және мұндай компания бұрын жасалған ЗТЖД (-лер) шартының(-тарының) шеңберінде бір және одан да көп кезектерде инжинирингтік қызметтерді жүзеге асырса) инжинирингтік компанияға қойылатын талаптарға сәйкес келген және бұрын жасалған шарт (тар) бойынша жұмысқа шағымдар болмаған жағдайда үміткерге бір пайыз (1,0%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

51. Еңбек өтілі бойынша талаптар болған жағдайда үміткер қызметкерінің өтілін растайтын талап етілетін құжаттар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес біліктілік туралы мәліметтерде көрсетіледі. Іріктеуге қатысуға арналған ұсыныс, егер онда іріктеуге қатысуға ұсынылған ұсыныстың мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық және (немесе) орфографиялық қателер болса, құжаттама талаптарына сай келеді деп танылады.

## **8. Комиссия мүшелері болып табылатын қызметкерлердің үміткерлердің құжаттарын қарау кезіндегі құзыреті**

52. Құжаттарды қарау және талдау техникалық, қаржылық және заңдық бағалауды, сондай-ақ БТА қызметінің құжаттарды, оның ішінде үміткерлердің (инжинирингтік компанияның) үлестестігі және Компаниямен байланысы тұрғысынан тексеруін көздейді.

Комиссияның әрбір мүшесі дауыс беру кезінде қарау және талдау қорытындылары бойынша өз құзыреті шеңберінде Комиссия хатшысына электрондық порталға хаттаманы (ларды) қалыптастыру және орналастыру үшін әрбір үміткер бөлінісінде [Заңның](#) және осы регламенттің талаптарына сәйкестігі не сәйкес еместігі туралы қорытындыны ұсынады.

Инжинирингтік компанияның заң және осы Регламенттің талаптарына сәйкестігінің немесе сәйкес келмеуінің негізгі тұжырымына қайшы келетін ескертпелер түрінде ескертулер беруге жол берілмейді.

Қаржылық бағалау қаржылық есептілікке ЗТЖД комиссия мүшесінің талдау жүргізуін, инжинирингтік компанияның қаржылық жай-күйін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің осы регламенттің талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы [Заңының](#) талаптарына сәйкестігі тұрғысынан есептеуін көздейді;

Құқықтық бағалауды және құқықтық тәуекелдердің болуын (болмауын) анықтауды ҚҚД өкілі:

- 1) инжинирингтік компанияның құрылтай құжаттарының тіркеу деректеріне сәйкестігі тұрғысынан сараптамасын жасау;
- 2) инжинирингтік компанияның қажетті рұқсат беру құжаттарының болуын тексеру;
- 3) Ұсынылған құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Құқықтық сипаттағы ескертулердің (тәуекелдердің) болуы не болмауы мәніне заңдық қорытынды дайындау және/немесе келісу кезінде ҚҚД комиссия мүшесі ұсынылған құжаттардың қаржылық, бухгалтерлік, экономикалық, техникалық және өзге де аukatтылығын бағаламай, олардың құқықтық аспектілеріне талдау жүргізеді.

Құқықтық сипаттағы ескертулердің (тәуекелдердің) болуы не болмауы мәніне заңдық қорытынды дайындау және/немесе келісу кезінде ҚҚД комиссия мүшесі ұсынылған құжаттардың қаржылық, бухгалтерлік, экономикалық, техникалық және өзге де аukatтылығын бағаламай, олардың құқықтық аспектілеріне талдау жүргізеді.

ҚҚД экономикалық және өндірістік қажеттілік (инжинирингтік компанияны таңдаудың орындылығы) үшін, толық емес немесе дұрыс емес ақпаратты ұсынудан туындаған сәйкессіздіктер үшін жауапты болмайды.

Техникалық мониторингтен қызметкер жүргізетін техникалық бағалау келесілерді көздейді:

1) инжинирингтік компанияның Заңда және Компанияда белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау;

2) инжинирингтік компания ұсынған қосымша ақпаратты қарау.

Комиссия мүшесі БТА тексеруді жүзеге асырады:

1) инжинирингтік компания ұсынған мәліметтердің анықтығы;

2) үміткерлерде осы Регламенттің [13](#) және [14-тармақтарында](#) көзделген шектеулердің болуы/болмауы;

3) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес инжинирингтік компанияның құрылыс салушыға, компанияға, мердігерге және уәкілетті компанияға шығындарын есепке алу жөніндегі маманның құрылтайшылардың, менеджменттің және сарапшылардың үлестестігінің болуы/болмауы;

4) инженерлік компанияның іскерлік беделі және оны басқару;

5) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар (жоқ) екендігі туралы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы ресми танылған көздерден алынған мәліметтер.

Комиссияның аталған мүшелері қорытындыларының нысандары осы Регламенттің [10-қосымшасында](#) көзделген.

## 9. Іріктеуге қатысушылардың бағаларын бағалау және салыстыру

53. Баға ұсынысын электрондық портал осы Регламентте және құжаттама талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан іріктеуге қатысуға арналған ұсынысты қарау қорытындылары бойынша автоматты түрде ашады. Электрондық портал тендерге қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төмен шартты баға негізінде тендер жеңімпазын айқындайды.

54. Баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған іріктеуге қатысушы ең төменгі шартты бағадан кейінгі шартты баға негізінде айқындалады. Баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде инжинирингтік қызметтер көрсету нарығында жұмыс тәжірибесі көп іріктеуге қатысушы жеңімпаз болып танылады. Баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде инжинирингтік қызметтер көрсету нарығында жұмыс тәжірибесі көп іріктеуге қатысушы жеңімпаз болып танылады. Жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда қатысуға ұсыныс басқа үміткерлерді

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

іріктеуге қатысуға ұсыныстардан бұрын түскен іріктеуге қатысушы жеңімпаз болып танылады.

55. Баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері қорытындылар туралы хаттамада орналастырылады.

56. Іріктеу келесі негіздердің бірі бойынша өтпеді деп танылады:

1) ұсынылған ұсыныстар болмаған жағдайда;  
2) екіден кем ұсыныс ұсынылған жағдайда;  
3) екі және одан да көп ұсыныс ұсынылған жағдайда бірде-бір үміткер қатысуға жіберілмесе;

4) екі және одан да көп ұсыныс ұсынылған жағдайда бір үміткер қатысуға жіберіледі.

57. Егер іріктеу өткізілмеді деп танылса, Ұйымдастырушы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) іріктеуді қайта жүргізу туралы;

2) іріктеуге жалғыз қатысушымен не талаптарға сәйкес келетін шарт жасасу туралы.

58. Электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен айқындаған инжинирингтік компания қорытындылар туралы хаттама жарияланған кезден бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұйымдастырушыға салыстырып тексеру үшін (ТСМД) сәйкес салыстырып тексеру рәсімін жүргізу үшін іріктеуге қатысуға ұсыныс құрамында өзі ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті. инжинирингтік компанияны іріктеуді жүргізу мәселелері бойынша ішкі құжатпен қамтамасыз етіледі.

Электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не Ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен айқындаған инжинирингтік компанияның тендерге қатысуға арналған ұсыныстың құрамында өзі ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерін бермеуі, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқаларының және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, шарт жасасудан жалтару деп танылады, осы ақпаратты Ұйымдастырушы компанияның атқарушы органына осындай инжинирингтік компания туралы мәліметтерді іріктеудің сенімсіз қатысушыларының тізіміне енгізу үшін жібереді.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 [шешімімен 10 тарауының тақырыбы жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)*

#### **10. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы көппәтерлі тұрғын үй құрылысы жобасы бойынша шарт жасасу тәртібі**

59. Шарт жобасы Регламенттің [9-қосымшасына](#) сәйкес үлгілік шарт негізінде Шарттардың электрондық порталы арқылы қалыптастырылады.

Электрондық портал арқылы шарт жасасу мүмкін болмаған жағдайда, шарт қағаз жеткізгіште жасалады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен 60-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#)*

60. Ұйымдастырушы шарттардың электрондық порталы арқылы Шарт жобасына қол қояды, оны Тапсырыс берушіге және рәсімдер қорытындысы бойынша таңдалған инжинирингтік компанияға ЗТЖД туралы шарт жасасу туралы Компанияның уәкілетті органының шешіміне ЗТЖД ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жібереді, бірақ іріктеу қорытындылары туралы хаттаманың оң қалыптастырылуынан ерте емес.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Компанияның уәкілетті органы ЗТЖД туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, инжинирингтік қызметтер көрсету шарты жасалмайды.

61. Тапсырыс беруші мен Инжинирингтік компания әрқайсысы өз тарапынан шартқа қол қоятын тұлғалар туралы мәліметтерді және өз деректемелерін растап, Шарттың жобасына электрондық портал арқылы шарттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

62. Егер жеңімпаз болып айқындалған инжинирингтік компания осы Регламентте белгіленген мерзімдерде шарт жобасына қол қоймаса, ұйымдастырушы жеңімпаз Шарт жасасудан жалтарған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жеңімпаздан кейінгі баға бойынша келесі инжинирингтік компанияға шарттардың электрондық порталы арқылы шарт жобасын жібереді, оны шарт жобасы оған ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде куәландыру керек.

63. Егер Инжинирингтік компания шартқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, Ұйымдастырушы жеңімпаз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуден жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шарттың жобасын келесі орынға ие болған Инжинирингтік компанияға шарттардың электрондық порталы арқылы жібереді, оған шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қойылады. Егер жеңімпаз инжинирингтік компанияның [13-тармақтың 3\), 4\), 5\) және 6\) тармақшаларында](#) көзделген шектеулері болса, Тапсырыс беруші осы Регламенттің [62-тармағында](#) белгіленген мерзімдерде жеңімпаздың бағасы бойынша Инжинирингтік компанияға Шарт жобасын жібереді. Егер баға бойынша келесі инжинирингтік компания аталған шектеулерге ие болса немесе оған шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қол қоймаса, ұйымдастырушы іріктеу жөніндегі қайта іс-шараларды жүзеге асырады. Бұл ретте шарт жасасу мерзімі күнтізбелік бес күннен аспауға тиіс.

64. Инжинирингтік компания Шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді, ол өзімен жасалған Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындайтынына кепілдік ретінде енгізіледі. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін Ұйымдастырушы ақшалай жарна не банк кепілдігі түрінде шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

65. ЖСҚ-ға сәйкес қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын Шарт жасалған жағдайда, ағымдағы қаржы жылына арналған шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген Шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып есептеледі. Келесі қаржы жылында шарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеңімпаз инжинирингтік компания жаңа қаржы жылының алғашқы он жұмыс күні ішінде енгізеді.

66. Егер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, онда Тапсырыс беруші бір жақты тәртіпте жасалған шартты бұзады және комиссия бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған инжинирингтік компанияны жеңімпаз деп айқындайды.

67. Жеңімпаз инжинирингтік компания шарттың орындалуын қамтамасыз етудің келесі түрлерінің бірін:

1) үш күндік мерзімде Тапсырыс берушіге түпнұсқасын бере отырып, осы Регламенттің [8-қосымшасына](#) сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі не электрондық құжат нысанындағы банк кепілдігін;

2) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны таңдай алады.

68. Инжинирингтік компанияның шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимылдар жасауына жол берілмейді. Енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету инжинирингтік компания шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қайтарылады.

69. Инжинирингтік компания шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан өзінің шарттық міндеттемелерді орындауын бұзғаны үшін өзіне есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы Инжинирингтік компанияға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған, сондай-ақ оған осы Регламенттің [11-бөлімінде](#) көрсетілген Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізіміне енгізбей, шарт талаптарының бұзушылықтарын жоюға жол берілген және мүмкін болатын (осындай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) жойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қайтарылады.

70. Бұл ретте инжинирингтік компания айыппұл санкцияларын өз бетінше толық төлеген жағдайда Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстамайды және Инжинирингтік компания Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізіміне енгізбейді. Тапсырыс беруші (уәкілетті компания) инжинирингтік компаниялар шартының орындалуын қамтамасыз етуге байланысты қандай да бір іс-әрекеттерді жасаған күннен кешіктірмей ұйымдастырушыны енгізу (енгізбеу), ұстап қалу, қайтару (қайтармау, ішінара қайтару) фактілерін, сондай-ақ инжинирингтік компанияға айыппұл санкцияларын өз бетінше толық төлеу фактілерін қоса алғанда, компания тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, осындай барлық іс-әрекеттер туралы хабардар етуге міндетті.

71. Жеңімпаз деп айқындалған үміткерлер шарттар жасасудан немесе инжинирингтік компаниялар шарт міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған, төтенше жағдайды енгізу салдарынан туындаған жағдайларда Тапсырыс беруші мұндай үміткерлерді және (немесе) инжинирингтік компанияларды іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізіміне енгізу жөнінде шаралар қабылдамайды және оларға айыппұл санкцияларын қолданбайды.

72. Инжинирингтік компания шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды. Инжинирингтік компанияның шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды. Көрсетілген жағдайларда шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

73. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) көздейді. Тұрақсыздық айыбының мөлшері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады. Тапсырыс беруші мен инжинирингтік компания көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі. Инжинирингтік компания шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің кірісіне есептелетін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

74. Егер бір жоба ЖСҚ-ға сәйкес екі және одан да көп кезектің құрылысын көздесе, электрондық порталда өткізілген іс-шаралардың қорытындысына сәйкес әр кезек бойынша әртүрлі инжинирингтік компаниялармен шарт жасасуға не жобаның барлық кезектері бойынша бір инжинирингтік компаниямен шарт жасасуға жол беріледі.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

75. Уәкілетті орган үлескерлердің ақшасын тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатымен компания кепілдігін алу тәсіліне құрылыс тәсілін өзгерту жолымен ЗТЖД туралы шарт жасасу туралы шешім қабылдаған кезде Компания осы Регламентте белгіленген тәртіппен Инжинирингтік компаниямен Шарт жасасады.

76. Шарт Компания ЗТЖД туралы шарт жасасқанға дейін жасалуға тиіс.

## 11. Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімі

77. Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімі электрондық порталда қалыптастырылады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 шешімімен 78-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

78. Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімі:

- 1) іріктеу жеңімпаздары болып айқындалған, шарт жасасудан жалтарған үміткерлердің;
- 2) аға ұсынысына әсер ететін талаптар және (немесе) құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған үміткерлер немесе инжинирингтік компаниялар;
- 3) олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған инжинирингтік компаниялардың тізімі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда ТСМД үміткер шарт жасасудан жалтарған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай үміткерді Іріктеуге сенімсіз қатысушылар тізіміне енгізу туралы мәселені дайындауға және Компания Басқармасына шығаруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда Ұйымдастырушы міндетті бұзушылық фактісі туралы өздеріне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей осындай үміткерді немесе инжинирингтік компанияны **іріктеуге сенімсіз қатысушы** деп тану шартын орындамау не тиісінше орындамау туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, Ұйымдастырушы инжинирингтік компанияның бұзушылық фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, инжинирингтік компания тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген шарттық міндеттемелерді толық орындау және инжинирингтік компания толық төлеген жағдайларды қоспағанда, осындай инжинирингтік компанияны іріктеудің сенімсіз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

79. Осы баптың 78-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген Іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімі Компания Басқармасының шешімі негізінде қалыптастырылады.

Осы бөлімнің 78-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде қалыптастырылады.

80. Осы бөлімнің 78-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша іріктеуге сенімсіз қатысушылар тізіміне енгізілген үміткерлер немесе инжинирингтік компаниялар тапсырыс беруші оларды іріктеуге сенімсіз қатысушылар деп тану туралы шешім қабылдаған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде іріктеуге қатысуға жіберілмейді.

Осы баптың 78-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша **іріктеуге сенімсіз қатысушылар тізіміне** енгізілген үміткерлер немесе



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

инжинирингтік компаниялар осындай үміткерлерді **іріктеуге сенімсіз қатысушылар** деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай ішінде іріктеуге қатысуға жіберілмейді.

81. Үміткерді немесе инжинирингтік компанияны **іріктеуге сенімсіз қатысушылар тізіміне** енгізу туралы шешімге олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдана алады.

82. Егер үміткер іріктеуге сенімсіз қатысушылардың тізімінде, сатып алуға **жосықсыз қатысушылардың тізілімінде** және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) және дауыс беретін акцияларының (мемлекеттік сатып алуға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы бар заңды тұлғалардың тізбесінде тұрса, ол өткізілетін іріктеуге қатысуға құқылы емес Ұлттық әл-ауқат қоры тікелей немесе жанама түрде иеленетін жеке тұлғалар жатады.

83. Инжинирингтік компанияларды іріктеуге тіркеу орны мемлекет немесе аумақ болып табылатын, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітетін салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесіне (оффшорлық аймақтар) енгізілген заңды тұлғалар болып табылатын үміткерлер жіберілмейді.

## 12. Қорытынды ережелер

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 [шешімімен 84-тармақ өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

84. Инжинирингтік компания құрылыс барысына, үлескерлер ақшасының мақсатты пайдаланылуына мониторингті, жобалық күн шегінде орындалған жұмыстардың көлемдерін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ [Занда](#) көзделген өзге де функцияларды орындайды. Жарғымен, Инвестициялық саясатпен, несие саясаты туралы ережелермен, стратегиямен және Компанияның басқа да ішкі құжаттарымен.

85. Инжинирингтік компания апта сайынғы және ай сайынғы кезеңділікке сәйкес компанияға уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес көппәтерлі тұрғын үй құрылысының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есептер беруге міндетті.

86. Осы Регламентпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның өзге ішкі құжаттарына сәйкес реттелуге жатады.

87. Инжинирингтік компанияның кінәсінен/бастамасы бойынша Шарт бұзылған кезде инжинирингтік компанияны ауыстыру осы Регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен 13-тараумен толықтырылды](#)*

## 13. Компания қызметкерлерінің жауапкершілігі

88. Жетекшілік ететін басшы және ЗТЖД және техникалық мониторинг басшысы: осы Регламентте үміткерлерге белгіленген талаптарды көрсете отырып, инжинирингтік компанияны іріктеуді жүзеге асыру туралы толық және дұрыс ақпаратты, сондай-ақ осы Регламентте көзделген тәртіпте құжаттаманың мәтінін Комиссия хатшысына уақтылы жібермеу;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Заңда және осы Регламентте көзделмеген талаптарды белгілеу, сондай-ақ жекелеген үміткерлерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларды көрсету;

инжинирингтік компанияны іріктеуге қатысу үшін үміткерлер ұсынған ұсыныстарды уақтылы қарамау, регламент пен заңды бұза отырып қабылданған іріктеу жеңімпазын айқындау жөніндегі шешімдер үшін олардың сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы қорытынды ұсыну;

Шарттардың электрондық порталында үшжақты Шартты уақтылы жасаспау және орындау;

Шарт тараптарының оның орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соққан міндеттерін уақтылы іске асырмау;

инжинирингтік компаниядан сатып алудың электрондық порталы арқылы алынған көрсетілген қызметтердің актілерін уақтылы қарау және келісу;

талаптар және (немесе) олардың баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған үміткерлердің немесе инжинирингтік компаниялардың міндеттемелерді бұзу, олардың Шарттар бойынша міндеттемелерді орындамауы не тиісінше орындамауы фактісі бойынша сотқа талап қою үшін материалдарды жібермеу, уақтылы жібермегені үшін жауапты болады.

89. Комиссия мүшелері үміткерлердің біліктілік талаптарына және орналастырылған Құжаттамада көзделген техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан ұсынылған қорытындылар үшін жауапты болады. Комиссияның әрбір мүшесі өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Регламентті бұза отырып қабылданған іріктеу жеңімпазын айқындау жөніндегі шешімдер үшін жауапты болады.

90. Комиссия хатшысы комиссия мүшелері тарапынан қорытындылардың кідірісі болмаған кезде іріктеуді ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерінің уақтылы орындалуына жауапты болады.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 шешімімен 1-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#) 1-қосымша*

Бекітемін:

---

(Тапсырыс берушінің (ұйымдастырушының) толық атауы)

---

(Бекіткен тұлғаның Т. А. Ә., (болған жағдайда))

**Инжинирингтік компанияны іріктеу үшін  
үлгілік құжаттама**

---

(заттың түрі)

---

(іріктеу атауы)

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Тапсырыс беруші (уәкілетті компания) \_\_\_\_\_

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің (уәкілетті компанияның) өкілі \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Сатып алуды ұйымдастырушы (ұйымдастырушы)

\_\_\_\_\_

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Сатып алуды ұйымдастырушының өкілі \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

## 1. Жалпы ережелер

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 шешімімен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)*

1. Іріктеу «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі Регламентке (Регламент) сәйкес инжинирингтік компанияны таңдау мақсатында жүргізіледі.

2. Инжинирингтік компанияны іріктеуге арналған осы Үлгілік құжаттама (бұдан әрі - Құжаттама) мыналарды қамтиды:

1) Осы Құжаттаманың [1-қосымшасына](#) сәйкес қызметтер туралы мәліметтер;

2) Осы құжаттаманың [2-қосымшасына](#) сәйкес біліктілік талаптары;

3) Қызмет көрсету үшін үміткердің біліктілігі туралы мәліметтер) осы құжаттаманың [3-қосымшасына](#) сәйкес бекітілсін;

4) Осы құжаттаманың [4-қосымшасына](#) сәйкес қатысу туралы келісім;

5) Осы құжаттаманың [6-қосымшасына](#) сәйкес техникалық сипаттаманы қамтиды.

6) осы қызметтер үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды:

№	Атауы	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)

## 2. Үміткерлердің іріктеуге қатысуға ұсыныстарын ресімдеуге және ұсынуға қойылатын талаптар

3. Іріктеуге қатысуға ұсыныс электрондық құжат нысанында электрондық портал арқылы беріледі және іріктеуге қатысуға үміткер үміткердің осы Құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ үміткердің біліктілік талаптарына және Регламенттің [13](#) және [14-тармақтарында](#) белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтер алуға келісімі болып табылады.

4. Үміткер ұсынысты қалыптастыру алдында осы Құжаттаманың [4-қосымшасына](#) сәйкес іріктеуге қатысу туралы келісімді қабылдайды.

5. Іріктеуге қатысуға арналған ұсыныста мыналар болуға тиіс

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын электрондық құжаттар;

рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, үміткердің қызмет көрсетуге құқығын растайтын басқа да құжаттар;

осы Құжаттамаға [3-қосымшаға](#) сәйкес іріктеуге қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

2) Осы құжаттамаға [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша техникалық сипаттаманы қамтиды. Қажет болған жағдайда техникалық сипаттамада нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

3) Осы құжаттаманың [5-қосымшасына](#) сәйкес электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысы.

6. Үміткер ұсынысының қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік отыз күнді құрайды және іріктеуге арналған ұсыныстар ашылған күннен кейінгі күннен басталады.

7. Іріктеуге қатысуға өтінімде қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, анық және айқын болуы тиіс.

8. Іріктеуге қатысуға ұсыныс, сондай-ақ іріктеуге қатысуға ұсынысқа қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар үміткердің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады.

Үміткер оларды басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда, оларға дәл (нотариалды расталған) аудармасы қоса беріледі.

### 3. Іріктеуге қатысуға ұсыныс беру тәртібі

9. Іріктеуге қатысуға ұсынысты үміткер Ұйымдастырушыға Электрондық портал арқылы ұсынады.

10. Үміткерлердің іріктеуге қатысуға ұсынған ұсыныстары автоматты түрде электрондық порталда тіркеледі.

11. Іріктеуге қатысуға ұсыныс берген үміткерге тиісті хабарламаны Электрондық портал автоматты түрде жіберген сәтте іріктеуге қатысуға ұсыныс қабылданған болып есептеледі.

12. Үміткерді іріктеуге қатысу туралы ұсынысты электрондық портал келесі жағдайларда:

1) үміткер бұрын осы іріктеуге қатысуға ұсыныс берсе;

2) іріктеуге қатысуға ұсыныс электрондық порталға осы іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түссе;

3) баға ұсынысы осы көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

4) «Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

13. Үміткердің баға ұсынысы теңгемен көрсетілуі тиіс.

### 4. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды өзгерту және оларды кері қайтарып алу

14. Үміткер іріктеуге қатысуға ұсыныстар беру мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) іріктеуге қатысуға енгізілген ұсынысты өзгертуге және (немесе) толықтыруға;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

2) өзі енгізген іріктеуге қатысуға ұсынысты қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, іріктеуге қатысуға өзінің ұсынысын кері қайтарып алуға құқылы.

15. Іріктеуге қатысуға ұсыныстар берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін іріктеуге қатысуға ұсынысты кері қайтарып алу сияқты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

16. Үміткер оның іріктеуге қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) іріктеу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

## 5. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды ашу

17. Электрондық портал іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қабылдау мерзімі аяқталатын күн мен уақыт басталғаннан кейін бес минут ішінде іріктеуге қатысуға ұсыныстарды автоматты түрде ашуды жүргізеді.

Егер іріктеуге қатысуға бір ғана ұсыныс берілген жағдайда, онда мұндай ұсыныс та ашылады және қаралады.

18. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды ашу хаттамасын электрондық портал ашу күні автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте Электрондық портал электрондық порталда автоматты түрде тіркелген комиссия мүшелеріне, үміткерлерге автоматты хабарламаларды таратады.

19. Іріктеуге қатысуға ұсыныс берген үміткерлерге сатып алу қорытындыларының хаттамасы орналастырылған күннен бастап осы іріктеуге басқа үміткерлерді қатысуға арналған ұсыныстарды қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

## 6. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қарау

20. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қарауды Комиссия біліктілік талаптарына және Құжаттама талаптарына сәйкес келетін үміткерлерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

21. «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

22. Іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қарау кезінде комиссия мыналарды:

1) Осы құжаттаманың [26-тармағында](#) көрсетілген жағдайда іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын;

2) қорытындылар туралы хаттаманы ресімдейді.

23. Комиссия біліктілік талаптарына және осы Құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін үміткерлерді анықтаған жағдайда, іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын комиссия ресімдейді.

Іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы біліктілік талаптарына және осы Құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін үміткерлердің тізбесін, олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және осы құжаттаманың талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, қамтиды.

24. Үміткерлерді іріктеуге қатысуға рұқсат беру туралы комиссия шешімі іріктеуге қатысуға ұсыныстарды ашқан күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қабылданады және

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Комиссия хатшысы іріктеуге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні Регламентке [3-қосымшаға](#) сәйкес Электрондық порталда автоматты түрде электрондық порталда тіркелген барлық үміткерлерді Электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып орналастырады.

25. Комиссия:

1) іріктеуге қатысуға рұқсат беру хаттамасында көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған және біліктілік талаптары мен құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін үміткерлерді айқындайды;

2) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

3) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

4) осы Құжаттаманың біліктілік және өзге де талаптарына сәйкес келетін үміткерлерді айқындайды және іріктеуге қатысушылар деп таниды.

Комиссия іріктеуге қатысуға арналған ұсынысты, егер онда іріктеуге қатысуға ұсынылған ұсыныстың мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, құжаттама талаптарына жауап беретін ретінде қарайды.

26. Үміткер, егер:

1) ол біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) Осы Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көзделген сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері бар болса;

3) оның іріктеуге қатысуға ұсынысы құжаттама талаптарына сәйкес келмейтіні анық болса іріктеуге қатысуға жіберілмейді (қатысушы деп танылады).

[«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 шешімімен 27-тармақ жаңа редакцияда](#) ([бұр.ред.қара](#))

27. Комиссияға іріктеуге қатысуға ұсыныстарды қайта қарау кезінде үміткер бір аттестатталған сарапшыларды тарта отырып, бір мезгілде өтетін бірнеше іріктеуге өтінім берген және бұл ретте олардың біреуінің қорытындысы бойынша үміткер алдын ала рұқсат беру хаттамасын ресімдегеннен кейін жеңімпаз деп танылған жағдайларды қоспағанда, алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша үміткерлерді қабылдамауға жол берілмейді қаралатын іріктеу бойынша сарапшылар бойынша ескертулерсіз.

28. Комиссия қорытындылар туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде іріктеуге қатысуға бір ұсыныс берілген жағдайларды қоспағанда, іріктеуге қатысуға ұсыныс ұсынған әрбір үміткерге қатысты Регламенттің 48-тармағына сәйкес құжаттамада көзделген критерийлерге сәйкес шартты жеңілдікті айқындайды.

29. Комиссия үміткердің инжинирингтік көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5%) мөлшерінде, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсері Құжаттаманың 3-қосымшасына сәйкес айқындалады.

30. Үміткер осы критерийді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, комиссия мұндай үміткерге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін үміткер ұсынған талаптар Шартқа енгізіледі.

31. Үміткердің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде комиссия жұмыс тәжірибесін инжинирингтік қызметтер, оның ішінде ұқсас қызметтер нарығында ғана қарайды.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

32. Егер 2 (екі) және одан да көп кезектер салуды көздейтін жобаға іріктеу жарияланса, комиссия Үміткерге (үміткерлерге) бір пайыз (1,0%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді және мұндай Компания кепілдік (кепілдік) берудің бұрын жасалған шарты (- тары) шеңберінде инжинирингтік компанияға қойылатын талаптарға сәйкес келген және бұрын жасалған шарт (тар) бойынша жұмысқа шағымдар болмаған жағдайда бір және одан да көп кезектерде инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асырады.

33. Іріктеуге қатысуға арналған ұсыныс, егер онда іріктеуге қатысуға ұсынылған ұсыныстың мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, құжаттама талаптарына сай келеді деп танылады.

## **7. Баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру және жеңімпазды анықтау**

34. Баға ұсынысын біліктілік талаптарына және құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан іріктеуге қатысуға арналған ұсынысты қарау қорытындылары бойынша электрондық портал автоматты түрде ашады.

35. Электрондық портал Қатысушылардың баға ұсыныстарын автоматты түрде бағалауды және салыстыруды жүргізеді: Регламентке сәйкес айқындалатын демпингтік баға есептеледі.

36. Баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері қорытындылар туралы хаттамада орналастырылады.

37. Электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен айқындаған үміткер қорытындылар туралы хаттама жарияланған кезден бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұйымдастырушыға (ТСМД) ішкі регламентке сәйкес салыстыру рәсімін жүргізу үшін іріктеуге қатысуға ұсыныстың құрамында өзі ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті. инжинирингтік компанияны іріктеуді жүргізу мәселелері жөніндегі құжатпен қамтамасыз етіледі.

38. Электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен айқындаған үміткер осы талапты орындамаған жағдайда, сондай-ақ ол іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстың құрамында ұсынған құжаттардың түпнұсқаларының және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, комиссия электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не ұйымдастырушы айқындаған өтінім берушінің электрондық сұрау салуы бойынша бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша жеңімпаздан кейін іріктеуге қатысуға ұсыныста өзі ұсынған баға мен шарттар бойынша орын алған электрондық сұрау салудың құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін талапкерді іріктеу жеңімпазы деп айқындайды.

39. Электрондық іріктеу жеңімпазы деп танылған не Ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен айқындаған үміткердің тендерді іріктеуге қатысуға ұсыныстың құрамында өзі ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерін бермеуі, сондай-ақ құжаттардың түпнұсқаларының және/немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, шарт жасасудан жалтару деп танылады және осы ақпарат ұйымдастырушы мұндай үміткер туралы мәліметтерді іріктеуге сенімсіз қатысушылар тізіміне енгізу үшін жібереді.

## **8. Тендер қорытындысы бойынша сатып алу туралы шарт**

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған Тапсырыс беруші, инжинирингтік компания және Ұйымдастырушы арасында шарттардың электрондық порталы арқылы жасалады.

Электрондық портал арқылы шарт жасасу мүмкін болмаған жағдайда, шарт қағаз жеткізгіште жасалады.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 шешімімен 40-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

40. Ұйымдастырушы Шарттардың электрондық порталы арқылы Шарт жобасына қол қояды, оны Тапсырыс берушіге және рәсімдер қорытындысы бойынша таңдалған инжинирингтік компанияға ЗТЖД туралы шарт жасасу туралы Компанияның уәкілетті органының шешіміне ЗТЖД ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жібереді, бірақ іріктеу қорытындылары туралы хаттаманың оң қалыптастырылуынан ерте емес.

41. Тапсырыс беруші мен Инжинирингтік компания әрқайсысы өз тарапынан шартқа қол қоятын тұлғалар туралы мәліметтерді және өз деректемелерін растай отырып, шарттың жобасына электрондық портал арқылы шарттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

42. Жеңімпаз Регламентте белгіленген мерзімдерде шарттардың электрондық порталы арқылы Шартқа электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

43. Егер жеңімпаз деп айқындалған үміткер белгіленген мерзімде шарт жобасына қол қоймаса, ұйымдастырушы жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеңімпаздан кейінгі баға бойынша келесі инжинирингтік компанияға электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын электрондық портал арқылы жібереді. Екінші орын алған үміткер шарттың жобасын оған шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап жұмыс күнінің бір күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

Егер екінші орын алған үміткер белгіленген мерзімде Ұйымдастырушы қол қойған шартқа қол қоймаса, Ұйымдастырушы іріктеу бойынша қайта іс-шараларды жүзеге асырады.

44. Жеңімпаз шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

45. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері осы Регламентте шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгіленеді.

46. Жеңімпаздар Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің келесі түрлерінің бірін таңдай алады:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны қамтиды;
- 2) Регламенттің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі не электрондық құжат нысанындағы банк кепілдігін ұсынады;

Жеңімпаз (инжинирингтік компания) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банктік кепілдік түрінде қағаз жеткізгіште енгізген жағдайда, оның түпнұсқасы Тапсырыс берушіге белгіленген мерзімдерде ұсынылады.

Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді инжинирингтік компания шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

47. Инжинирингтік компанияның Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.





Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 шешімімен 2-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара)**

[Құжаттамаға 2-қосымша](#)

**Инжинирингтік компанияны іріктеу кезінде үміткерге қойылатын біліктілік талаптары (ұйымдастырушы толтырады)**

Тапсырыс	берушінің	атауы
Ұйымдастырушының		атауы
іріктеу		№-і
Іріктеудің		атауы

Үміткер келесі біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қызметтер көрсетуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер қызмет көрсету тиісті рұқсат алуды талап етсе, хабарлама жіберу үшін келесі мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер қызмет көрсету тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы (мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде айқындалады).

3. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға тиіс.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы және сипаттамасы	Саны
1		

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы (мамандығы, біліктілігі)	Саны	Қызметкердің жұмыс өтілі (қажет болған жағдайда) үш жылдан аспайды (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерде неғұрлым жоғары жұмыс өтілі көзделген жағдайларды қоспағанда)
1			

5. Инжинирингтік қызметтер бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы

№	Атауы	Жылдар саны
1		

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

6. Үміткердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен ережелеріне сәйкес қызметті жүзеге асыруға аккредитациясы болуы тиіс.

**Ескертпе:** Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығымен бекітілген бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді және техникалық қадағалау жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалармен және рұқсат беру талаптарымен сәйкес берілген бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін аккредиттеудің болуы.

7. Жұмыс тәжірибесі бөлігінде үміткердің Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы инжинирингтік қызметтер көрсету (жауапкершіліктің I немесе II деңгейінен төмен емес) бойынша Тапсырыс берушілерден көрсетілген инжинирингтік қызметтер туралы кемінде үш оң пікір ұсына отырып, кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

8. Үміткердің қаржылық орнықтылығы бойынша талапқа сәйкестігі ретінде оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы қаржы жылындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер шегерілгеннен кейін қалатын активтері болуға тиіс.

9. Материалдық-техникалық ресурстар бойынша үміткердің жалдау шарты мен құқық белгілейтін құжаттары расталған кеңсесі болуы тиіс.

10. Еңбек ресурстарына ие болу бойынша үміткердің:

1) бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі \_\_\_\_\_ кем емес аттестатталған сарапшылары, оның ішінде:

а) құрылыс саласында (салмақ түсетін және қоршау конструкциялары) \_\_\_\_\_ маман;

б) инженерлік желілер саласында \_\_\_\_\_ маман;

в) технологиялық жабдық саласында осы Объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатыспаған \_\_\_\_\_ маман;

2) өзге құрылыс объектілерінде бекітілген сарапшыларды тартуға, сондай-ақ Шарт жасасу үшін мәлімделген инженерлік-техникалық персоналдың тізіміне кірмейтін кепілдік беру туралы қолданыстағы шарттар шеңберінде объектілерге сарапшылар тағайындауға жол берілмейді;

Бұл ретте:

1) үміткердің бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болмауға тиіс

2) қолданыстағы ЗТЖД туралы шарттар шеңберіндегі объектілерде бұрын бұйрықтармен бекітілген сарапшыларды тартуға, сондай-ақ шарт жасасу үшін мәлімделген инженерлік-техникалық персоналдың тізіміне кірмейтін қолданыстағы ЗТЖД туралы шарттар шеңберіндегі объектілерге сарапшыларды тағайындауға жол берілмейді;

3) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 шешімімен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

4) аттестатталған сарапшылар құрылыс салушымен немесе уәкілетті компаниямен және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың өзге де қатысушыларымен еңбек, қаржылық немесе өзге де тәуелді қатынастарда болмауға тиіс;

5) үміткердің мүлкі соттың, әкімшілік органның шешімімен салынған тыйым салуда болмауға тиіс.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

**Келесі құжаттардың болуы іріктеуге қатысуға үміткердің ұсынысының құрамында міндетті болып табылады:**

1) Жарғының және құрылтай шартының көшірмелері (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан үзінді көшірме ұсынылады);

2) ұсыныстарды ашу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы алынған үміткердің бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама;

3) «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

4) үміткердің инжинирингтік қызметтер көрсетуге құқығын растайтын құжаттардың (лицензия, куәлік) көшірмелері;

5) салық органының қабылданғаны туралы хабарламасы бар салық декларациясымен расталған (100-нысан немесе оңайлатылған декларацияны тапсыру кезіндегі өзге де нысан) соңғы қаржы жылындағы заңды тұлғаның қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

б) келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, әрбір жоба бөлінісінде инжинирингтік компанияның жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат:

а) инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған шарттардың көшірмелері, заңды тұлғаға;

б) жеке тұлғаларға пайдалануға беру актілерінің көшірмелері;

в) заңды тұлға мен жеке тұлға арасындағы еңбек қатынастарын растай отырып, сарапшы қол қойған пайдалануға беру актілерінің көшірмелері;

7) бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау жүргізу бөлігінде, сондай-ақ тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде басшы, бухгалтер, аттестатталған сарапшылар және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандар қызметкерлерінің біліктілігі мен жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері және өзге де мамандар, инжинирингтік компанияны іріктеуге қатысуға жоспарланатын (қызметкерлердің саны және қажетті құжаттардың тізбесі әрбір объект бойынша жұмыс көлеміне қарай жеке-жеке әрбір іріктеу кезінде құжаттаманың осы Қосымшасының 4-тармағының еңбек ресурстары бөлімінде нақтыланады). Егер бас бухгалтер инжинирингтік компанияның штат кестесінде көзделмеген жағдайда, бас бухгалтердің жоқтығы туралы растау-хат ұсынылады;

8) заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және инжинирингтік компанияны іріктеуге қатысуға жоспарланған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың Т.А.Ә. ауысуын растайтын құжаттардың көшірмелері (Т.А.Ә. ауысқан жағдайда);

9) I немесе II жауапкершілік деңгейінен төмен емес объектілер бойынша тапсырыс берушілерден кемінде үш оң пікір;

10) өтінімде ұсынылған инжинирингтік компания сарапшыларының осы объектінің ЖСҚ әзірлеуге қатыспағаны және құрылыс салушымен немесе уәкілетті компаниямен немесе бас мердігермен еңбек, қаржылық немесе өзге де тәуелді қатынастарда болмағаны туралы растау-хаттар;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

11) басшы мен аттестатталған сарапшылардың Компанияның, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, осы құрылыс жобасының мердігерінің (бас мердігерінің) басшылығына қатысты үлестес болып табылмайтындығын растау туралы хаттар;

12) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының [12-1-бабына](#) сәйкес инжинирингтік компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

[Құжаттамаға 3-қосымша](#)

### Біліктілігі туралы мәліметтер (үміткер толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Іріктеу №-і \_\_\_\_\_

Іріктеудің атауы \_\_\_\_\_

Үміткердің БСН / ЖСН / ССН / ТЕН және атауы \_\_\_\_\_

1. Органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, рұқсаттардың (лицензиялардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (лицензияның), хабарламаның болуы туралы мәліметтер.

№	Рұқсаттың атауы (лицензия)	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санат)	Құжатты беру күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

\* Осы тармақ егер қызмет көрсету тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда толтырылады

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы мәліметтер мемлекеттік кіріс органдары мәліметтерінің негізінде айқындалады.

3. Банкроттық және (немесе) тарату рәсіміне жатпайтынын растаймыз.

4. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызмет көрсету үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер.

№	Материалдық ресурстардың атауы және сипаттамасы	Қолда бар бірліктер саны	Жағдайы (Жаңа, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

				меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)		
1						

5. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін қажетті талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер.

№	Мамандықтың (біліктіліктің) атауы	Қызметкерлердің т.а.э. (болған жағдайда) (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін қоса беру)	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсету, олардың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Жұмыскердің өтілі және растайтын құжаттар	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1					

6. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, соңғы он жыл ішінде іріктеуде сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер (болған жағдайда толтырылады).

№	Қызметтің атауы	Қызмет көрсету орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызмет көрсету жылы, айы (___ бастап ___ дейін)	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						
<input type="checkbox"/>	Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын					

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 шешімімен 4-қосымша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

[Құжаттамаға 4-қосымша](#)

### Іріктеуге қатысу туралы келісім

Осы арқылы осы іріктеуге үміткер ретінде қатысуға ниет білдіреміз және осы іріктеулердің шарттарында көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім, сондай-ақ біздің көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігімізді растайтын мәліметтер алуға келісім береміз.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Осымен «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының Қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі Регламенттің (Регламент) [13](#) және [14-тармақтарында](#) көзделген шектеулерді бұзушылықтардың болмауын, сондай-ақ менің (үміткер) мен Тапсырыс беруші және (немесе) сатып алуды ұйымдастырушы арасында инжинирингтік компания үшін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру осы Регламентте тыйым салынған фактілер анықталған жағдайда шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісім береміз, Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көрсетілген.

Регламент шарттарымен танысқанымызды және Ұйымдастырушыға және іріктеу жөніндегі комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, көрсетілетін қызметтердің сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны үшін, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы жауапкершілік туралы хабардар етілгенімізді растаймыз.

Іріктеуге қатысуға арналған ұсыныстарға және оған қоса берілетін құжаттарға осындай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзімізге толық жауапкершілікті аламыз.

Іріктеуге қатысу туралы біздің ұсынысымыз регламент шарттарында талап етілетін мерзім ішінде әрекет ететін болады (осы іріктеулер).

Іріктеуге қатысуға біздің ұсынысымыз жеңді деп танылған және шарт жасалған жағдайда, біз шарттың жобасында көрсетілген мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгіземіз және шартты (актілерді) орындауға байланысты ақпаратты ашуға келісім білдіреміз.

[Құжаттамаға 5-қосымша](#)

### **Үміткердің баға ұсынысы** (әрбір лотқа жеке толтырылады)

іріктеу № -і \_\_\_\_\_  
Іріктеудің атауы \_\_\_\_\_  
Үміткердің атауы \_\_\_\_\_  
БСН / ЖСН / ССН / ТЕН \_\_\_\_\_  
Үміткердің банктік деректемелері \_\_\_\_\_  
Баға ұсынысы валютасының атауы \_\_\_\_\_  
Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_  
Барлық шығындар мен жеңілдіктерді ескере отырып, бірлік бағасы \_\_\_\_\_  
Саны (көлемі) \_\_\_\_\_  
ИНКОТЕРМС 2010 тауарын жеткізу шарттары \_\_\_\_\_  
Жалпы баға (саны бірлік бағасына көбейтіледі) \_\_\_\_\_  
Біз сіздің іріктеу шарттарыңызда ескерілген төлем шарттарыңызбен келісеміз.  
Аббревиатуралардың толық жазылуы:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
СТН - Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 шешімімен 6-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара)*

[Құжаттамаға 6-қосымша](#)

**Нысан**

### Техникалық сипаттама

Құрылыс объектісінің атауы	
Уәкілетті компанияның атауы	
Құрылыс салушының атауы	
Бас мердігердің атауы	
Орналасқан жері, мекенжайы	
Ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысымен ЖСҚ-ға сәйкес ҚҚС-сыз қызметтер құны, сондай-ақ бұрын келтірілген шығындар	
Қабаттылық	
Жайлылық деңгейі	
Ғимараттың жауапкершілік деңгейі	
Пәтерлер саны	
Ғимараттың жалпы ауданы	
Құжаттарды ұсыну үшін Компанияның орналасқан мекен-жайы	

### 1. Инжинирингтік компанияларға қойылатын талаптар

1. Инженерлік компания келесі талаптарға сай болуы керек:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен ережесіне сәйкес қызметті жүзеге асыруға аккредиттеудің болуы;

Ескертпе: Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 [бұйрығымен](#) бекітілген бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді және техникалық қадағалау жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалармен және рұқсат беру талаптарына сәйкес берілген бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін аккредиттеудің болуы;

2) бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде \_\_\_\_\_ аттестатталған сарапшылардың болуы, оның ішінде:

а) құрылыс саласында (салмақ түсетін және қоршау конструкциялары) \_\_\_\_\_ маман;

б) инженерлік желілер саласында \_\_\_\_\_ маман;

в) технологиялық жабдық саласында осы Объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатыспаған \_\_\_\_\_ маман;



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Сондай-ақ осы мамандану бойынша кемінде 2 (екі) жыл жұмыс өтілі бар шығындарды есепке алу (қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау) саласындағы \_\_\_\_ маман;

3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы инжинирингтік қызметтер көрсету (жауапкершіліктің I немесе II деңгейінен төмен емес) бойынша кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

4) Тапсырыс берушілерден көрсетілген инжинирингтік қызметтер туралы кемінде 3 (үш) оң пікірлердің болуы;

5) қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық процесінде болмауы тиіс;

6) заңды тұлғаның сот, әкімшілік органның шешімі бойынша салынған мүлкіне тыйым салудың болмауы;

7) салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;

8) бірінші басшының және бас бухгалтердің өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы;

9) Компанияның, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, осы Объектінің мердігерінің (бас мердігерінің) басшылығына қатысты құрылыс жобасы бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету үшін инжинирингтік Компания басшыларының және аттестатталған сарапшылардың аффилиирленуінің болмауы;

10) инжинирингтік компания тартылатын Объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын жасауға заңды тұлғаның аттестатталған сарапшыларының қатысу фактісінің болмауы;

11) өзінің қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы қаржы жылы үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалатын активтерінің болуы;

12) офистің болуы (жалдау шартының немесе құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі);

13) өзге құрылыс объектілерінде бекітілген инжинирингтік компанияның сарапшыларын тартуға жол берілмейді;

14) Шарт жасасу үшін мәлімделген инженерлік-техникалық персоналдың тізіміне кірмейтін кепілдік беру туралы қолданыстағы шарттар шеңберінде объектілерге сарапшыларды тағайындауға жол берілмейді.

*«Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен 2-тармақ өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

2. Инженерлік компания келесі құжаттарды ұсынуы керек:

1) Жарғының және құрылтай шартының көшірмелер (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер болмаса, құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан үзінді көшірме ұсынылады);

2) Әлеуетті өнім берушінің қызметтер көрсетуге құқығын растайтын құжаттардың (лицензия, куәлік) көшірмелері;

3) салық органының қабылданғаны туралы хабарламасы бар салық декларациясымен расталған (100-нысан немесе оңайлатылған декларацияны тапсыру кезіндегі өзге де нысан) соңғы қаржы жылындағы заңды тұлғаның қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

4) келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, әрбір жоба бөлінісінде инжинирингтік компанияның жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат:

а) инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған шарттардың көшірмелері, заңды тұлғаға;

б) жеке тұлғаларға пайдалануға беру актілерінің көшірмелері;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

в) заңды тұлға мен жеке тұлға арасындағы еңбек қатынастарын растай отырып, сарапшы қол қойған пайдалануға беру актілерінің көшірмелері;

5) заңды тұлғаның бірінші басшысы мен бас бухгалтерінің, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың және өзге де мамандардың жеке куәлігінің көшірмелері. Егер Бас бухгалтер инжинирингтік компанияның штат кестесінде көзделмесе, Бас бухгалтердің жоқтығы туралы растау хат ұсынылады;

б) инжинирингтік компанияның сарапшылары мен өзге де мамандары туралы ақпарат, келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып:

а) жеке куәліктің көшірмелері, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері, заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың және инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған өзге де мамандардың білімі (дипломдары) туралы құжаттардың көшірмелері;

б) бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау жүргізу бөлігінде, сондай-ақ тіреу және қоршау конструкциялары, инженерлік желілер және технологиялық жабдықтар бөлігінде инжинирингтік қызметтер көрсетуге сарапшыларды аттестаттауды растайтын құжаттардың көшірмелері;

в) қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру бойынша маманның (мамандардың) тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері (еңбек кітапшасы немесе зейнетақы қорынан үзінді).

7) инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және мамандардың Т.А.Ә. өзгергенін растайтын құжаттардың көшірмелері (Т.А.Ә. ауысқан жағдайда);

8) I немесе II жауапкершілік деңгейінен төмен емес объектілер бойынша тапсырыс берушілерден кемінде 3 оң пікір;

9) өтінімде ұсынылған инжинирингтік компания сарапшыларының осы Объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатыспағаны және құрылыс салушымен немесе уәкілетті компаниямен немесе бас мердігермен еңбек, қаржылық немесе өзге де тәуелді қатынастарда болмағаны туралы растау-хат;

10) басшы мен аттестатталған сарапшылардың Компанияның, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, осы құрылыс жобасының мердігерінің (бас мердігерінің) басшылығына қатысты үлестес болып табылмайтындығын растау туралы хат қоса беріледі;

11) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының [12-1-бабына](#) сәйкес инжинирингтік компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

## 2. Инжинирингтік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 шешімімен (бұр.ред.қара); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.11.№ 113 шешімімен (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді*

3. Инжинирингтік компания талаптарға сәйкес қамтамасыз ете отырып, инжинирингтік қызметтер көрсетуі керек:

1) инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған шарт жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші мен Компанияның атына мамандардың тізбесін және

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

аттестатталған сарапшыны көрсетілген Құрылыс Объектісіне бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелерін, аттестатталған сарапшылардың жеке куәліктерінің көшірмелерін, аттестаттардың және өзге де біліктілік құжаттарының көшірмелерін (болған кезде) ұсыну;

2) инжинирингтік компания, Тапсырыс беруші және екінші деңгейдегі банк арасында банктік шоттан төлем құжаттарын қосымша авторизациялауды (келісуді) ұсыну туралы тиісті келісім жасасу;

3) байланыс және электр беру желілерінің күзет аймақтарында, темір жолдар мен автомобиль жолдарына бөлінген белдеулерде жұмыс жүргізуге жазбаша рұқсаттардың болуын тексеру;

4) Тапсырыс беруші мен Компанияны объект бойынша кемшіліктер мен жасырын ақаулар, жоқ құжаттар, рұқсаттар және т.б. табылғаны туралы дереу хабардар ету және оларды жою туралы көрсете отырып, бұл туралы ақпаратты техникалық қадағалау журналына енгізу;

5) Тапсырыс беруші мен Компанияны Объект құрылысына көзделген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны туралы дереу хабардар ету;

6) инжинирингтік компанияның есебіндегі ескертулерді уақтылы жою;

7) Объект бойынша уәкілетті компания шарттарының жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген құнға сәйкестігін тексеру;

8) құрылыс басталғаннан бастап Компания кепілдігін алған кезге дейін Объект бойынша қаржылық және техникалық құжаттаманы тексеру;

9) жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістерді қарау және келісу;

10) Объектіні салу мерзімін ұзарту негіздемесі бойынша мәселені қарау, Компанияның/Құрылыс салушының/Уәкілетті компанияның сұранысы бойынша басқарушы компания мен бас мердігердің контрагенттерін тексере отырып, қалдық жұмыстарға және құрылыс материалдарын сатып алуға талдау жүргізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау үшін құрылыс ұзақтығының мерзімдерін болжау және сұраныста белгіленген мерзімдерде Жоба бойынша ұзарту мүмкіндігін бағалау;

11) Тапсырыс беруші мен Компанияны тиісті уәкілетті органдардың объектіні тексеруі туралы дереу хабардар ету;

12) Объектіде бекітілген аттестатталған сарапшылардың тұрақты қатысуы (күн сайын: 1 ауысымда жұмыс істеген кезде - 8 сағат, 2 ауысымда жұмыс істеген кезде - 16 сағат);

13) Объектідегі жұмыстардың барлық түрлерін, оның ішінде фото-, бейне тіркеумен және журналға жазбалар енгізумен жасырын жұмыстарды орындау кезінде қатысу;

14) Тапсырыс берушімен және Компаниямен келісілген, анықталған бұзушылықтарды жою үшін жеткілікті қисынды мерзімді белгілей отырып, Мердігерге (Бас мердігерге) анықталған бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқама беруді (оның ішінде технологияны бұзушылықтар, жобадан ауытқулар анықталған, сапасыз құрылыс материалдарын қолдану кезінде) қамтиды;

15) жобалау-сметалық құжаттамада және Тапсырыс беруші бекіткен Объектіде жұмыстар жүргізу кестесінде көзделген құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалу мерзімдерін бақылау;

16) Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін ұзартуға, қосымша немесе болжанбаған жұмыстарды өтеуге, шығындарға қатысты кінә қоюды тексеру және Тапсырыс беруші мен Компанияға ұсынымдар беру;

17) кестеге сәйкес тиісті кезең үшін инжинирингтік қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге қажетті құжаттарды кейіннен Тапсырыс беруші мен Компанияға 3 данада ұсына отырып, тексеру;

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

18) орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілетін сапа, көлем және құн туралы мәліметтердің анықтығын олардың жергілікті сметалар мен жинақтау ведомостарына сәйкестігін тексеру;

19) құрылыстың материалдық ресурстармен, техникалық құралдармен және білікті жұмыс күшімен мұқтаждығы мен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің және бұл туралы Тапсырыс берушіні, Компанияны және Мердігерді хабардар етудің болуы;

20) «С» рейтингі бар Құрылыс салушының жобалары бойынша Тапсырыс беруші мен Компанияға Инжинирингтік қызметтер көрсету шартына 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда Мердігердің (Бас мердігердің) орындаған жұмыс түрлері туралы техникалық есепті апта сайын ұсынуын қамтамасыз ету.

«D» рейтингі бар Құрылыс салушы жобалары бойынша Тапсырыс беруші мен Компанияға «eQurylus» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, ол мүмкін болмаған жағдайда электрондық тасымалдағышта Инжинирингтік қызметтер көрсету шартының 4.1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша объектіні қаржыландыру көздері бойынша ақпаратты, анықталған ескертулерді және кейіннен бұзушылықтарды болдырмау және жою жөніндегі ұсынымдарды сипаттап, фото/бейне материалдары бар кеңейтілген есепті апта сайын ұсынуды қамтамасыз ету;

21) есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне қарай ай сайын Тапсырыс берушіге және Компанияға тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті органның 2016 жылғы 28 шілдедегі № 339 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша құрылыс барысын мониторингтеу нәтижелері туралы фото/бейне материалдармен, анықталған ескертпелерді сипаттаумен, оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыныстармен Кеңейтілген есеп беру;

22) есепті айда пайдаланылған құрылыс материалдарына, жабдықтарға, бұйымдар мен конструкцияларға орындалған жұмыстарды қабылдау актілеріне сертификаттар, паспорттар қоса бере отырып, қолданылатын құрылыс материалдарының, конструкциялардың, бұйымдар мен жабдықтардың сапасын бақылау;

23) құрылыс алаңында қолданылатын материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды қоймалау және сақтау қағидаларының сақталуын бақылау;

24) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен жабдықтарын қолдану технологияларының өндірушілер зауыттарының техникалық жағдайларына сәйкестігін бақылау;

25) Объект құрылысында қолданылатын материалдарға, конструкцияларға және жабдықтарға зауыт құжаттамасының (паспорттардың, сертификаттардың, кепілдік құжаттардың) болуын және сақталуын бақылау;

26) бастапқы атқарушы техникалық құжаттаманың (атқарушылық схемалардың, монтаждалған конструкциялардың, ғимараттардың, құрылыстар мен инженерлік коммуникациялардың бөліктерінің, жұмыстардың жалпы және арнайы журналдарының) бар болуын және дұрыс жүргізілуін және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер мен ақауларға байланысты оған өзгерістер енгізуді бақылау;

27) орындалған жұмыстардың, конструкциялардың, инженерлік желілер учаскелерінің жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін бақылау (қажет болған кезде);

28) орындалған жұмыстарға бақылау тексерулерін жүргізе отырып, жасырын жұмыстар актілеріне қол қойылғанға дейін кейінгі жұмыстарды орындауға жол бермеу туралы талаптардың орындалуын бақылау;

29) жоба авторымен бірлесіп, Мердігерге (Бас мердігерге) геодезиялық бөлу негізін қабылдауға және беруге қатысу, сондай-ақ құрылыс аяқталғанға дейін Мердігердің (Бас мердігердің) оның сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

30) Объектінің пайдалануға беруге дайындығын растау және Объектіні Тапсырыс берушіге беру кезінде қатысу;

31) Объектіні пайдалануға енгізу жоспарланып отырған күн туралы Компанияны он жұмыс күні бұрын хабардар ету;

32) уәкілетті компания үлескерлерге үлес бергеннен кейін банк шотынан төлем құжаттарын қосымша авторизациядан алу (келісу). Бұл ретте уәкілетті компания объектіні пайдалануға бергеннен кейін бір ай ішінде үлескерлерге үлесті беруді қамтамасыз етуге тиіс;

33) құрылысы аяқталған Объектілерге ескертулерді (болған кезде) көрсете отырып, қарап-тексеру және қажет болған кезде сынақтар жүргізу және Тапсырыс беруші мен Компанияға объектілерді пайдалануға қабылдау туралы ұсынымдар бере отырып, Мердігердің (Бас мердігердің) оларды толық жоюды қамтамасыз ету;

34) технологиялық операциялардың құрамының және орындалу сапасының, оның ішінде белгіленген нормативтердің талаптарына операциялық бақылау жүргізудің сәйкестігіне бақылау жүргізу;

35) Мердігердің (Бас мердігердің) анықталған ақауларды жою жөніндегі кепілдік міндеттемелерді орындауын тексеру;

36) инжинирингтік қызметтер көрсету кезінде Мердігердің (Бас мердігердің) шаруашылық қызметіне араласпау;

37) монтаждауға түсетін жабдық жобасының жай-күйі мен сәйкестігін мемлекеттік қадағалау, құрылысты қадағалау органдары жүргізетін тексерулерге, оны монтаждау сапасын бағалауға, кешенді сынауға және сынаудан кейін қабылдауға қатысу;

38) қабылданған және төленген құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі мен құнын, сондай-ақ мердігерлік ұйым құрылыс-монтаждау жұмыстарын сапасыз орындаған көлемі мен құнын және ақаулар мен қайта жасауды жоюға жұмсалған шығындарды есепке алуды, сондай-ақ осы құрылыс Объектісі бойынша Объектінің құрылысына бөлінген үлескерлердің ақшалай қаражатын есепке алуды тексеру;

39) консервациялауға жататын объектілерді, ғимараттар мен құрылыстарды куәландыруға және кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын консервациялауға немесе уақытша тоқтатуға арналған құжаттаманы ресімдеуге, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жалғастыру немесе қайта бастау үшін құрылыс-монтаждау ұйымдарына беру кезінде объектілердің техникалық жай-күйін бағалауға қатысу;

40) жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға қатысу, қажет болған жағдайда бақылау өлшемдері мен сынақтарын орындау және олардың нәтижелерінің тиісінше ресімделуіне және оларды қабылдау актілеріне қол қоюға бақылауды қамтамасыз ету;

41) мемлекеттік қадағалау және жергілікті өзін-өзі басқару органдары талаптарының орындалуын бақылау;

42) Объект бойынша алынған құжаттаманы сақтау;

43) нарықтағы ұқсас материалдар мен жабдықтарға салыстырмалы талдау жүргізу арқылы жобада пайдаланылатын жабдықтар мен материалдар бағасының мониторингі;

44) Объект аумағынан тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлау және әкету фактілерін қадағалау;

45) авторлық қадағалау сарапшыларымен, Мердігер (Бас мердігер) қызметтерінің құрылыс сапасын өндірістік бақылау қызметкерлерімен, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының мамандарымен байланыста техникалық қадағалау жүргізу;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

46) авторлық қадағалау, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органы жүзеге асыратын тексерулерге және Мердігердің (Бас мердігердің) тиісті журналдарға белгі қоя отырып, тексеру кезінде алынған нұсқауларды орындауын бақылауға қатысу;

47) Мердігерден (Бас мердігерден) құрылыс алаңында материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтаудың тиісті шарттарын сақтау және олардың Тапсырыс беруші мен Компанияға тапсырғанға дейін орындалған жұмыстардың, тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігін талап ету;

48) Мердігердің (Бас мердігердің) құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамамен қамтамасыз етілуі және оның сапасы мәселелері бойынша, сондай-ақ жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдап алу және осы наразылықтар бойынша шешімнің қабылдануын қамтамасыз ету немесе Тапсырыс беруші мен Компанияның шешім қабылдауы үшін ұсыныстар енгізу мәселелері бойынша наразылықтарын қарау;

49) конструкциялардың бүлінуі мен құлауы, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төнген, сондай-ақ ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі техникалық қадағалау нұсқауларын орындамаған жағдайларда жұмыстар жүргізуді (кейіннен Компанияға, Тапсырыс берушіге және Мердігерге (бас мердігерге) жазбаша хабарлай отырып) тоқтата тұру;

50) Мердігерге (Бас мердігерге), ал қажет болған жағдайларда Тапсырыс беруші мен Компанияға жобалау-сметалық құжаттама мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұзатын және техникалық қадағалау нұсқауларын орындамайтын адамдарды жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізу жатады.

Қызмет көрсетудің талап етілетін мерзімі: 20 \_\_ ж. \_\_\_\_\_

2 - 4-қосымша. «Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#) 5-қосымша*

### **Бір көзден алу тәсілімен іріктеуге қатысуға шақыру**

Құрметті қатысушы (үміткердің атауы)!

Сіз электрондық портал арқылы бір көзден алу тәсілімен іріктеуге қатысуға шақырылдығыз (шақыру №, шақыру атауы).

Шақыруды қарау үшін сілтеме (шақыруға сілтеме) бойынша өтіңіз.

Егер жоғарыда көрсетілген сілтеме ашылмаса, оны алмасу буферіне көшіріңіз, браузердің мекенжай жолына қойыңыз және «Енгізу» батырмасын басыңыз.

*Бір көзден алу тәсілімен іріктеуге қатысуға [шақыруға](#) қосымша*

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

## Электрондық портал арқылы бір көзден алу тәсілімен іріктеу тізбесі

шақыру № \_\_\_\_\_

Шақырудың атауы \_\_\_\_\_

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Жеткізу шарттары (Incoterms 2010 сәйкес)	Қызметте рді көрсету мерзімі	Қызмет көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

\* Қызметтердің толық сипаттамасы мен сипаттамасы техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#) б-қосымша*

## Электрондық портал арқылы бір көзден алу тәсілімен іріктеуге қатысу туралы келісім

Осымен үміткер ретінде электрондық рәсімдер арқылы бір көзден алу тәсілімен осы іріктеуге қатысуға ниет білдіреміз және талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім, сондай-ақ осы Регламенттің [13](#) және [14-тармақтарында](#) белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге біздің сәйкес келетіндігімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіреміз.

Осымен осы Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көзделген шектеулерді бұзушылықтардың болмауын, сондай-ақ менің (үміткер) мен Тапсырыс беруші және (немесе) сатып алуды ұйымдастырушы арасында осы Регламентте тыйым салынған қатынастардың болмауын растаймыз және осы Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісім береміз.

Сондай-ақ үміткердің көрсетілетін қызметтер шартын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте бұзуға келісімін білдіреміз және шартты (актілерді) орындауға байланысты ақпаратты ашуға келісім білдіреміз.

Құжаттардың тізімімен танысқанымызды және сатып алуды ұйымдастырушыға өзінің заңдылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (көрсетілетін қызметтер) туралы дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Іріктеуге қатысуға жауапта және оларға қоса берілетін құжаттарда мұндай дәйексіз мәліметтердің ұсынылуы үшін өзімізге толық жауапкершілікті аламыз.

*Электрондық портал  
арқылы бір көзден алу тәсілімен  
іріктеуге қатысу туралы [келісімге](#)  
қосымша*

### **Бір көзден алу тәсілімен іріктеу бойынша үміткердің баға ұсынысы**

шақыру № \_\_\_\_\_  
Шақырудың атауы \_\_\_\_\_  
Лот № \_\_\_\_\_  
Лот атауы \_\_\_\_\_  
Инжинирингтік компанияның атауы \_\_\_\_\_  
БСН/ЖСН/ ССН/ТЕН \_\_\_\_\_  
Қызметтің атауы \_\_\_\_\_  
ТЖҚБК коды \_\_\_\_\_  
Баға ұсынысының валютасы \_\_\_\_\_  
Баға ұсынысының валюта коды \_\_\_\_\_  
Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_  
Барлық шығыстарды ескере отырып, бірлік бағасы \_\_\_\_\_  
Саны (көлемі) \_\_\_\_\_  
ИНКОТЕРМС 2010 тауарын жеткізу шарттары \_\_\_\_\_  
Жалпы баға (саны \* бірлік бағасы) \_\_\_\_\_  
Біз сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз.  
Күні мен уақыты \_\_\_\_\_

7-қосымша. «Қазақстан Тұрғын Үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2022.19.07. № 73 [шешімімен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#) 8-қосымша*

### **Банк кепілдігі**

(шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: \_\_\_\_\_  
(банктің атауы және деректемелері)  
Кімге: \_\_\_\_\_  
(Тапсырыс берушінің атауы және деректемелері)  
№ \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттеме  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж. (орналасқан жері)



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

\_\_\_\_\_ (атауы) «Инжинирингтік компания» « » \_\_\_\_\_  
инжинирингтік қызметтер көрсетуге № \_\_\_\_\_ шарт \_\_\_\_\_ (бұдан әрі - Шарт) жасаған  
(жасайды)\* және сіз Шартта Инжинирингтік компания  
\_\_\_\_\_ теңге сомасында, осымен  
\_\_\_\_\_ (банктің атауы) оның орындалуын қамтамасыз етуді  
банктік кепілдік түрінде жалпы сомаға енгізетінін қарастырғаныңызды назарға ала отырып,  
жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепілгер екенімізді растаймыз және сіздің талап  
етуіңіз бойынша сізден \_\_\_\_\_ (сомасы санмен және жазумен)  
сізге және сіздің төлеміңізге арналған жазбаша талабыңыз бойынша тең соманы төлеудің  
қайтарып алынбайтыны туралы, сондай-ақ Инжинирингтік Компанияның Шарт бойынша  
өз міндеттемелерін орындамағандығы немесе тиісінше орындамағандығы туралы жазбаша  
растау міндеттемесін өзімізге аламыз. Осы кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен  
бастап күшіне енеді және Инжинирингтік компания шарт бойынша өз міндеттемелерін  
толық орындаған сәтке дейін қолданылады. Осы кепілдік міндеттемеге байланысты  
туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен  
реттеледі.

Қолы/электрондық-цифрлық қолтаңба Күні және мекенжайы  
кепілгерлердің мөрі (қағаз тасымалдағышта)

(Банктің (банк филиалының) атынан бірінші басшысы немесе оның орынбасары және  
банктің бас бухгалтері).

\* - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын үміткер қатысқан жағдайда  
Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын екінші деңгейдегі банктің атауы.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.11.№ 113 [шешімімен 9-қосымша өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу  
тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде  
көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік  
компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#)  
9-қосымша*

### Инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған үлгі шарт

Астана қ. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

\_\_\_\_\_, бұдан әрі **Тапсырыс беруші** деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан,  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бір тараптан,  
және  
**«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ**, бұдан әрі **Компания** деп аталатын  
\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан,  
және \_\_\_\_\_, бұдан әрі **Орындаушы** деп аталатын \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін үшінші тарап, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталады, ал жеке  
Тарап не жобаны іске асыру шеңберінде жоғарыда көрсетілген \_\_\_\_\_ көп пәтерлі  
тұрғын үй құрылысы жобасы бойынша инжинирингтік компанияны айқындау регламенті

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

(бұдан әрі - Регламент) және төмендегілер туралы инжинирингтік қызметтер көрсетуге шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

#### **Ұғымдар мен анықтамалар**

Осы Шартта келесі негізгі терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

1) **Мердігер** - заңды тұлға болып табылатын Бас мердігер немесе Объектіде ҚМЖ жүзеге асыратын консорциум;

2) **Қызметтер** - Мердігердің ҚМЖ өндірісінің барысына техникалық қадағалауды жүзеге асыру және жобаны іске асыруға көзделген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарттың талаптарына сәйкестігін бақылау жөніндегі инжинирингтік қызметтер;

3) **Объект** - Мердігер жоба салуды жүзеге асыратын жылжымайтын мүлік объектісін (объектілерін) салуға арналған құрылыс учаскесі;

4) **Шарттың құны** - Орындаушының қызметтер көрсетуінің жалпы құны;

5) **Қызметтер көрсету ұзақтығының мерзімі** - Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес Объектіде қызметтер көрсететін мерзім;

6) **Күндер** - күнтізбелік күндер;

7) **Айлар** - күнтізбелік айлар;

8) **Форс-мажор** - қандай да бір Тараптың бақылау шеңберінен шығатын және Тараптардың ешқайсысы көздей алмайтын және ол туындаған кезде болдырмауға немесе еңсеруге болмайтын еңсерілмейтін күштің немесе кедергінің мән-жайы. Форс-мажорлық жағдайлар мынадай оқиғаларды немесе мән-жайларды қамтуы мүмкін, бірақ мұнымен шектелмейді: өрт, дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, тәртіпсіздіктер, мемлекеттік органдардың шешімдері және т.б.;

9) **Ақау** - жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға және осы Шарттың талаптарына әрбір жеке сәйкессіздік;

10) **Уәкілетті орган** - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

11) **ЖСК** - жобаның құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттама;

12) **Жоба** - жобаның атауы көрсетіледі;

13) **ҚМЖ** - Жоба бойынша құрылыс монтаждау жұмыстары;

14) **Тапсырыс беруші** - Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы құрылыс салушыға тиесілі, көппәтерлі тұрғын үйдің үлестік құрылысын қамтамасыз ету және көппәтерлі тұрғын үйдегі үлестерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, арнайы экономикалық аймақтардағы қызметті қоспағанда, қандай да бір өзге коммерциялық қызметпен айналысуға құқығы жоқ Уәкілетті компания, заңды тұлға;

15) **ЗТЖД туралы шарт** - «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) айқындалатын тәртіпте және шарттарда бірыңғай оператор, құрылыс салушы және уәкілетті компания арасында жасалатын шарт.

## **1. Шарттың Мәні**

1.1. Осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші ЖСК-ға сәйкес, сондай-ақ Шарттың техникалық сипаттамасына ([№ 2 қосымша](#)) сәйкес орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, құнын, қабылдауды және объектіні пайдалануға беруді қоса алғанда, жобаны

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

іске асырудың барлық сатыларында қызметтер көрсетуді тапсырады, ал орындаушы өзіне \_\_\_\_\_ міндеттеме алады:

1.2. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы Заңға сәйкес Мердігер жүргізетін ҚМЖ-ға қызметтерді толық көлемде көрсетуге міндеттенеді.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған талаптар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 2) көрсетілетін қызметтер тізбесі ([1-қосымша](#));
- 3) Техникалық сипаттама ([2-қосымша](#));
- 4) Тапсырыс беруші көрсеткен қызмет фактісі бойынша төлемді есептеу ([3-қосымша](#));
- 5) апта сайынғы техникалық есеп ([4-қосымша](#)).

## 2. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету

2.1. Орындаушы Шартқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шарт сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді мынадай тәсілдердің бірімен енгізуге міндеттенеді:

2.1.1. мынадай деректемелер \_\_\_\_\_ бойынша Тапсырыс берушінің банк шотына ұлттық валютамен кепілдік жарна енгізуді;

2.2.2. міндеттемелерді орындауға банктік ЗТЖД.

2.3. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауына кепілдік ретінде енгізуді.

2.4. Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

2.5. Тапсырыс беруші кепілдік жарнаны осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Орындаушыға қайтарады.

## 3. Қызметтердің құны

3.1. Қызметтердің құны \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге, ҚҚС есебінсіз/ҚҚС есебімен, шартты орындауға байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде төлемге байланысты шығыстарды қоса алғанда салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер.

3.2. Тапсырыс беруші орындалған қызметтер үшін төлемді Компания көрсетілген қызметтер актісін келіскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Шарттың [3-қосымшасына](#) сәйкес бекітілген кесте бойынша жүргізеді. Бұл ретте актілер бойынша көрсетілген қызметтердің жалпы сомасы осы Шарттың сомасынан аспауға тиіс.

Тапсырыс беруші орындалған қызметтер үшін төлемді Компания көрсетілген қызметтер актісін келіскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес бекітілген кесте бойынша жүргізеді. Бұл ретте актілер бойынша көрсетілген қызметтердің жалпы сомасы осы Шарттың сомасынан аспауға тиіс.

Төлем алдындағы құжаттар:

- 1) қызметтер көрсетуге арналған Шарт;
- 2) Компаниямен келісілген көрсетілген қызметтер актілері;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактура;

4) Компаниямен келісілген төлем шоттары;

5) Орындаушы қол қойған Мердігердің орындалған жұмыстары актілерінің көшірмелері болып табылады.

Түпкілікті есептеудің алдындағы құжаттар:

1) қызметтер көрсетуге арналған шарт;

2) компаниямен келісілген көрсетілген қызметтер актілері;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактура;

4) өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

5) Компаниямен келісілген төлем шоттары;

6) тұрғын үйді (ғимаратты) пайдалануға беру актісінің және техникалық паспортының көшірмелері қоса беріледі.

3.3. Орындаушының есептерді, көрсетілген қызметтердің актілерін уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні қызметтерге уақтылы ақы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3.4. Орындаушы осы Шарттың 17-тарауында көрсетілген деректемелер бойынша бухгалтерлік бастапқы құжаттаманы (көрсетілген қызметтер актісін, шот-фактураны, төлем шотын) жазып беруге міндеттенеді.

3.5. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құны түпкілікті болып табылады және заңның 19-бабының 2-тармағында және осы Шарттың 9.6-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, айлық есептік көрсеткіш, қосылған құн салығы өзгерген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте сараптама жұмыстарының бағалары ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда өзгертілмейді.

#### **4. Қызмет көрсету мерзімдері**

4.1. Орындаушы Жоба бойынша ЗТЖД туралы шарт күшіне енген сәттен бастап Шарт бойынша қызметтер көрсетеді және ол пайдалануға берілгенге және үлескерлерге үлестер берілгенге дейін әрекет етеді.

4.2. Орындаушының Объектіге бірінші шығу күні Тапсырыс берушімен және Компаниямен келісу бойынша жүзеге асырылады.

4.3. Объектіде ҚМЖ уақытша тоқтаған кезде қызмет көрсетудің мүмкін еместігі туралы мән-жайларды Тараптар олар туындаған сәттен бастап акт жасайды. Жұмыстарды уақытша тоқтату туралы Акт негіздеуші құжаттардың негізінде қызметтерді көрсету мүмкін еместігінің себептері туындаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде үш данада ресімделеді және оған Тапсырыс беруші, Компания және Орындаушы қол қояды.

4.4. Қызметтер көрсетуге кедергі келтірген шарттар тоқтатылған кезде Тараптар қызметтер көрсетуді қайта бастау актісін жасайды және оған қол қояды. Қызмет көрсетуді қайта бастау актілері Орындаушының қызмет көрсетуге кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде үш данада ресімделеді.

4.5. Егер Тараптар ұсынған еңсерілмес күш мән-жайлары немесе ауытқулар орын алса, Тапсырыс беруші қызметтер көрсету мерзімін ұзартады.

Егер жұмыстарды орындау процесінде Тараптардың бірі немесе уәкілетті орган қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақауларды анықтаған жағдайда, қызмет көрсету мерзімі осындай ақауларды жою мерзіміне ұзартылады. Бұл ретте Орындаушы

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Тапсырыс беруші мен Компанияны осындай ақаулар анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге тиіс.

## 5. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Тапсырыс беруші:

5.1.1. мердігерге қызмет көрсетуге жауапты орындаушыны тағайындау туралы хабарлауға;

5.1.2. бастапқы-рұқсат беру құжаттамасын орындаушыға беруге;

5.1.3. Орындаушының мамандарына жиһазбен жабдықталған жарамды жұмыс орнын ұсынуға;

5.1.4. қызмет көрсету үшін Орындаушы мамандарының Объектіге қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

5.1.5. мердігердің Орындаушыға ҚМЖ кезінде қолданылатын материалдарға, жабдықтарға, бұйымдар мен конструкцияларға паспорттар, сертификаттар және басқа да құжаттар ұсынуын қамтамасыз етуге;

5.1.6. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы, Тапсырыс беруші және Екінші деңгейдегі банк арасында Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын тиісінше бақылау үшін Орындаушыға Тапсырыс берушінің банк шотынан барлық төлем құжаттарын қосымша авторизациялауды (келісуді) беру туралы келісім жасауға;

Ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау туралы бұйрықпен бекітілген Орындаушының өкілі (маманы) осы Шарттың 2.1.1.т. және 17-тарауында көрсетілген есеп айырысу шотынан ақша операцияларын жүзеге асыру құқығынсыз барлық төлемдерді тексеруді және растауды жүргізеді. Авторландыру (келісу) онлайн банкинг қаражаты бойынша жүзеге асырылады және/немесе Тапсырыс беруші Заңның 20 және 36-баптарына, жобалау-сметалық құжаттамаға және орындалған жұмыстар актісіне сәйкес қалыптастырған қағаз жеткізгіштегі төлемдерді қолма-қол келісуге.

5.1.7. Компаниямен келісілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде көрсетілген қызметтер актілері бойынша тиісті түрде көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға ақы төлеуді жүргізуге;

5.1.8. осы Шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше жүзеге асыру үшін жобаға ЖСҚ Орындаушыға беруге;

5.1.9. Мердігерге құрылыс басталғаннан Компаниядан кепілдік алғанға дейінгі кезеңге құрылыс жобасы бойынша қаржылық және техникалық құжаттаманы ұсыну;

5.1.10. Орындаушыға жобалық шығындар жоспары мен қаржыландыру кестесін ұсынуға;

5.1.11. Компания мен Орындаушының сұрау салуы бойынша жоба құрылысы бойынша, оның ішінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы жасалған шарттар туралы кез келген ақпаратты және Заңда айқындалған функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;

5.1.12. шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде компанияның интернет-ресурсында орналастырылған компанияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасымен дербес танысуға **міндетті**.

5.2. Тапсырыс берушінің құқығы бар

Тапсырыс берушінің:

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Компаниямен келісім бойынша Орындаушы көрсететін қызметтердің барысы мен сапасын Заңға және осы Шартқа сәйкес тексеруге;

5.2.2. Орындаушыдан қызметтер көрсету нәтижелері бойынша фото/бейне материалдарды қоса бере отырып, жазбаша есептерді ұсынуды талап етуге, бірақ айына бір реттен артық емес;

5.2.3. Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, уәкілетті органға оның мәртебесі мен қызмет көрсету құқығын куәландыратын аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру не кері қайтарып алу туралы өтініш жасауға құқылы.

5.2.4. Орындаушының есептерін тексеру және олар болған жағдайда ескертулер беруге **құқығы бар.**

## **6. Компанияның құқықтары мен міндеттері**

### **6.1. Компания:**

6.1.1. Тапсырыс берушіге және/немесе мердігерге қатысты Орындаушының қызметтерді тиісінше орындамауына әкеп соғатын кедергілер туындаған жағдайда, оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

6.1.2. осы Шарт бойынша қызметтерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған кезде орындаушыға қатысты шаралар қолдануға;

6.1.3. көрсетілген қызметтер актісі бойынша Орындаушы тиісті түрде көрсеткен қызметтерді келісу не ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дәлелді бас тартуға **міндетті.**

### **6.2. Компанияның:**

6.2.1. ескертулер болған жағдайда Орындаушының есептерін түзетуге жіберуге.

6.2.2. кез келген уақытта көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын тексеруге;

6.2.3. егер Тапсырыс беруші Компания мен Тапсырыс беруші көрсеткен және қабылдаған қызметтерге тиісті түрде ақы төлемеген жағдайда, Тапсырыс берушіге жазбаша ескерту жіберуге;

6.2.4. Тапсырыс берушінің және (немесе) Орындаушының міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған кезде осы Шартты бұзуға бастамашылық жасауға;

6.2.5. Орындаушыдан қызмет көрсету нәтижелері бойынша фото/бейне материалдарды қоса бере отырып, жазбаша есептерді ұсынуды талап етуге;

6.2.6. Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, уәкілетті органға оның мәртебесі мен қызмет көрсету құқығын куәландыратын аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру не кері қайтарып алу туралы өтініш жасауға құқығы бар.

## **7. Орындаушының құқықтары мен міндеттері**

### **7.1. Орындаушы:**

7.1.1. осы Шартта көзделген қызметтерді уақтылы және толық көлемде көрсетуге.

7.1.2. Шарт жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге және Компанияға Орындаушы мамандарының тізбесімен бұйрықтың көшірмесін (Т.А.Ә., куәліктердің көшірмелері) бірінші жауапкершілік деңгейіндегі аттестатталған

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

сарапшылардың \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) ұсыну, оның ішінде: құрылыс саласында (тіреу және қоршау конструкциялары) - \_\_\_\_\_ маман (-дар); инженерлік желілерді \_\_\_\_\_ маман (-дар) және технологиялық жабдықтардың \_\_\_\_\_ маман(-дар) емес, қатысты жобалық-сметалық құжаттама Объектіні, сондай-ақ \_\_\_\_\_ мамандарды есепке алу бойынша мамандығы бойынша шығындар (қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды) жұмыс өтілі кемінде екі жыл;

7.1.3. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы техникалық регламенттер мен 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. мемлекеттік нормативтерді (оның ішінде ҚР ҚН) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 [бұйрығымен](#) бекітілген «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережесі» және «Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар салуды ұйымдастыру» бұйрықтарымен бекітілген жобалау, нормативтік-техникалық құжаттамалармен, объектіде құрылыс салуды ұйымдастыру және жұмыстар жүргізу жөніндегі құжаттамалармен, құрылыс сапасын бақылау әдістерімен қабылдау және куәландыру қағидаларымен, сондай-ақ құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларымен қолданыстағы заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерін білу және басшылыққа алуға;

7.1.4. байланыс және электр беру желілерінің күзет аймақтарында, темір жолдар мен автомобиль жолдарына бөлінген белдеулерде жұмыс жүргізуге жазбаша рұқсаттардың болуын тексеруге;

7.1.5. Тапсырыс беруші мен компанияны барлық анықталған кемшіліктер мен жасырын ақаулар, жоқ құжаттар, Рұқсаттар және т.б. туралы дереу хабардар ету, оларды жобаны техникалық қадағалау журналына енгізу және анықталған ақаулар мен бұзушылықтардың жойылғанын көрсетуге;

7.1.6. Қазақстан Республикасының жобалау-сметалық құжаттамасына және құрылыс нормалары мен ережелеріне толық сәйкес келуі, сондай-ақ қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау; құрылыс барысына мониторинг жүргізу мақсатында салынып жатқан объектіде бұйрықпен бекітілген мамандардың тұрақты қатысуын қамтамасыз ету (күн сайын: 1 ауысымда - 8 сағат, 2 ауысымда - 16 сағат) Мердігерлік ұйымның объектіде Орындалатын жұмыстардың сапасын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;

7.1.7. Жоба бойынша жұмыстардың барлық түрлерін орындау кезінде, оның ішінде фото-, бейне тіркеумен жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін ресімдеу мен қол қоюға және техникалық қадағалау журналына енгізуге қатысу, техникалық қадағалау журналын тұрақты және тиісті жүргізуді жүзеге асыруға;

7.1.8. технологияның бұзылуы, жобадан ауытқу, сапасыз құрылыс материалдарын қолдану анықталған жағдайда, Тапсырыс берушімен және Компаниямен келісілген, анықталған бұзушылықтарды жою үшін жеткілікті ақылға қонымды мерзім белгілей отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы Мердігерге жазбаша нұсқама беруге;

Егер Мердігер Орындаушымен келісілген ақылға қонымды мерзімде анықталған бұзушылықтарды жоймаған, оларды жоймай объектіде жұмыстарды одан әрі жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Мердігерге объектіде ҚМЖ-ны тоқтата тұру ниеті туралы хабарламаны осындай тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып табыс етеді;

ҚМЖ өндірісі осыған ұқсас тоқтатылған жағдайда Мердігер Орындаушының іс-әрекеттерімен келіспеген Орындаушы келесі тәртіпті қолданады. Бұл жағдайда Мердігердің өз ұстанымының негізділігін растау үшін аккредиттелген тәуелсіз инжинирингтік компаниялар қатарынан тәуелсіз сарапшы тартуға құқығы бар.

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Егер тәуелсіз сарапшы Орындаушы ескертулерінің негізділігін растаса, Мердігер Орындаушы анықтаған бұзушылықтарды жояды және тәуелсіз сарапшыны тарту бойынша шығыстарды төлейді.

Егер тәуелсіз сарапшы Орындаушы ескертулерінің негізсіздігін растаса, онда тәуелсіз сараптама жүргізу жөніндегі шығындарды және ол болған кезде мәжбүрлі тоқтап тұруға байланысты шығындарды Орындаушы төлейді;

7.1.9. Тапсырыс беруші бекіткен ЖСҚ және объектіде жұмыс жүргізу кестесінде көзделген ҚМЖ орындау мерзімдерін бақылауды жүзеге асыруға;

7.1.10. Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімін ұзартуға, қосымша немесе болжанбаған жұмыстарды өтеуге, шығындарға қатысты наразылықтарын тексеру және Тапсырыс беруші мен Компанияға ұсынымдар беруге;

7.1.11. кестеге сәйкес тиісті кезеңде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында инжинирингтік қызметтер көрсеткені үшін төлемге қажетті құжаттарды Тапсырыс беруші мен Компанияға 3 данада тексеруге және ұсынуға;

7.1.12. Мердігер ұсынған орындалған жұмыстардың ай сайынғы актілеріндегі сапасына, көлеміне және құнына қатысты мәліметтердің олардың жергілікті сметалар мен жинақтау ведомостарына сәйкестігін тексеруге;

7.1.13. ЖСҚ құрылысының қажеттілігі мен материалдық ресурстармен, техникалық құралдармен және білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін білу. Олардың тапшылығы туындаған кезде шаралар қабылдау үшін Тапсырыс берушіні, Компанияны және Мердігерді (немесе Мердігердің өкілін) хабардар етуге;

7.1.14 «А», «В», «С» рейтингі бар Құрылыс салушы жобалары бойынша Тапсырыс беруші мен Компанияға «eQurylys» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, ол мүмкін болмаған жағдайда электрондық тасымалдағышта осы Шартқа 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда Мердігер орындаған жұмыс түрлері туралы техникалық есепті апта сайын ұсынуды қамтамасыз ету.

«D» рейтингі бар Құрылыс салушы жобалары бойынша Тапсырыс беруші мен Компанияға «eQurylys» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, ол мүмкін болмаған жағдайда электрондық тасымалдағышта осы шарттың 4.1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша объектіні қаржыландыру көздері бойынша ақпаратты, анықталған ескертулерді және кейіннен бұзушылықтарды болдырмау және жою жөніндегі ұсынымдарды сипаттап, фото/бейне материалдары бар кеңейтілген есепті апта сайын ұсынуды қамтамасыз ету;

7.1.15. ай сайын 15-күніне қарай Тапсырыс берушіге және Компанияға бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті органның 2016 жылғы 28 шілдедегі № 339 [бұйрығымен](#) бекітілген (бұдан әрі - бекітілген нысан) нысан бойынша анықталған ескертулерді сипаттай отырып, оларды жою жөніндегі қажетті шараларды ұсына отырып, фото/бейне материалдармен бірге кеңейтілген есеп (бұдан әрі - бекітілген нысан) ұсыну «eQurylys» немесе қағаз тасығышта мүмкін болмаған жағдайда;

7.1.15.1. ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай компанияға Объекті құрылысының фотосуреттерін кейіннен оларды Компанияның интернет-ресурсында орналастыру үшін келесі сипаттамалармен ұсынуға:

пішімі:.jpg;

рұқсат: 1074\*713 кем емес;

ені: кемінде 1074 пиксель;

биіктігі: 713 пиксельден кем емес;

көлденең рұқсат: кемінде 240 нүкте/дюйм;

тік рұқсат: кемінде 240 нүкте/дюйм;



Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

түс тереңдігі: кемінде 24.

7.1.16. ай сайынғы есепке 5-қосымшаға сәйкес ақшалай қаражатты жұмсау жөніндегі кестелер қоса беруге.

7.1.17. қолданылатын Құрылыс материалдарының, конструкциялардың, бұйымдар мен жабдықтардың сапасын бақылау, сондай-ақ Мердігердің орындалған жұмыстарын қабылдаудың ай сайынғы актілеріне есепті айда пайдаланылған құрылыс материалдарына, жабдықтарға, бұйымдар мен конструкцияларға сертификаттар, паспорттар қоса беруге;

7.1.18. Заңға сәйкес Жобаны іске асыруға (салуға) көзделген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға;

7.1.19. жобаны іске асыруға (салуға) көзделген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған кезде Тапсырыс беруші мен компанияны дереу хабардар етуге;

7.1.20. құрылыс алаңында қолданылатын материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды қоймалау және сақтау ережелерінің сақталуын бақылауға;

7.1.21. құрылыс материалдарын, бұйымдарын және жабдықтарын қолдану технологияларының өндіруші зауыттардың техникалық шарттарына сәйкестігін бақылауға;

7.1.22. Объект құрылысында қолданылатын материалдарға, құрылымдарға және жабдықтарға зауыттық құжаттаманың (паспорттар, сертификаттар, кепілдік құжаттар) болуын және сақталуын қадағалауға;

7.1.23. бастапқы атқарушы техникалық құжаттаманың (атқарушы схемалардың, монтаждalған конструкциялардың, ғимараттардың, құрылыстардың және инженерлік коммуникациялардың бөліктерінің, жұмыстардың жалпы және арнайы журналдарының) болуын және дұрыс жүргізілуін және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер мен ақауларға байланысты оған өзгерістер енгізуді қадағалауға;

7.1.24. орындалған жұмыстардың, конструкциялардың, инженерлік желілер учаскелерінің ЖСҚ сәйкестігіне сәйкестігін бақылауға, қажет болған жағдайда бақылау өлшеулері мен сынақтарын сұратуға.

7.1.25. Жасырын жұмыстар актілеріне қол қойылғанға дейін кейінгі жұмыстарды орындауға жол бермеу туралы талаптардың орындалуын бақылау және орындалған жұмыстарға бақылау тексерулерін жүргізу.

7.1.26. ЖСҚ-дағы сәйкессіздіктерді анықтау немесе қажет болған жағдайда жобалық шешімдерді өзгерту, материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, жабдықтарды ауыстыру, осы мәселелерді шешу үшін Тапсырыс берушімен және Компаниямен ұсыныстар енгізуге;

7.1.27. Жоба авторымен бірлесіп геодезиялық бөлу негізін қабылдауға және Мердігерге беруге қатысады, сондай-ақ құрылыс аяқталғанға дейін Мердігердің оның сақталуын қамтамасыз етуді бақылауға;

7.1.28. Объектінің пайдалануға беруге дайындығын растау және Объектіні Тапсырыс берушіге беру кезінде қатысуға;

7.1.29. құрылысы аяқталған объектілерді тексеруді, зерттеп-қарауды және қажет болған жағдайда сынауды жүргізуге, ескертулер ұсынуға, оларды Мердігердің толық жоюын қамтамасыз етуге және белгіленген тәртіпте Тапсырыс беруші мен Компанияға объектілерді пайдалануға қабылдау туралы ұсынымдар беруге;

7.1.30. технологиялық операциялардың, оның ішінде операциялық бақылаудың құрамы мен орындалу сапасының мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестігіне бақылау жүргізуге;

7.1.31. Мердігердің анықталған ақауларды жою бойынша кепілдік міндеттемелерді орындауын тексеруге;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

7.1.32. Шарт бойынша өз міндеттерін орындау кезінде Мердігердің шаруашылық қызметіне араласпауға;

7.1.33. мемлекеттік қадағалау, құрылыстық қадағалау органдары жүргізетін монтаждауға түсетін жабдықтың жай-күйі мен жобаға сәйкестігін тексеруге, оны монтаждаудың сапасын бағалауға, кешенді сынауға және сынақтан кейін қабылдауға қатысуға;

7.1.34. келесілерді есепке алуды жүргізуге:

1) Орындаушымен келісілген орындалған жұмыстар актілері бойынша қабылданған және төленген құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі мен құнын бекітуге;

2) Мердігер ұйым сапасыз орындаған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі мен құны және келісуге ұсынылған, бірақ Орындаушымен келісілмеген орындалған жұмыстар актілеріне сәйкес ақауларды жою және қайта жасау шығындарын;

3) осы Шарттың 5.1.6-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің шотына ұсынылған қолжетімділікке сәйкес Объектіні салуға бөлінген ақшалай қаражатты, оның ішінде құрылысқа үлестік қатысушылар;

7.1.35. консервациялауға жататын объектілерді, ғимараттар мен құрылыстарды куәландыруға және кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын консервациялауға немесе уақытша тоқтатуға арналған құжаттаманы ресімдеуге, сондай-ақ құрылыс-монтаждау ұйымдарына ҚМЖ жалғастыру немесе қайта бастау үшін беру кезінде объектілердің техникалық жай-күйін бағалауға қатысуға;

7.1.36. жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға қатысу, қажет болған жағдайда бақылау өлшеулері мен сынақтарын орындау, олардың нәтижелерінің тиісті ресімделуін бақылау және оларды қабылдау актілеріне қол қоюға;

7.1.37. Заңда белгіленген жағдайларда мемлекеттік қадағалау және жергілікті өзін-өзі басқару органдары талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

7.1.38. алынған құжаттаманы объектіде сақтауға;

7.1.39. баламалы инжинирингтік компаниялардың ұқсас материалдары мен жабдықтарын салыстырмалы талдау жолымен осы жобада пайдаланылатын жабдықтар мен материалдардың бағасына мониторинг жүргізуге;

7.1.40. Объектіден тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлау және әкету фактілерін қадағалауға;

7.1.41. авторлық қадағалау сарапшыларымен, мердігер қызметтерінің құрылыс сапасын өндірістік бақылау қызметкерлерімен, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының мамандарымен байланыста техникалық қадағалауды жүзеге асыруға;

7.1.42. авторлық қадағалаумен, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органымен жүзеге асырылатын тексерулерге қатысу, тиісті журналдарға белгі қоя отырып, тексеру кезінде алынған нұсқауларды мердігердің орындауын бақылауға;

7.1.43. Мердігерден құрылыс алаңында материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтаудың тиісті шарттарының сақталуын, сондай-ақ орындалған жұмыстардың, тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың Тапсырыс беруші мен компанияға тапсырылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуді талап етуге;

7.1.44. Мердігердің құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамамен қамтамасыз етілуі және оның сапасы мәселелері бойынша, сондай-ақ сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау мәселелері бойынша талаптарын қарау, осы шағымдар бойынша шешімдер қабылдау немесе Тапсырыс беруші мен Компанияның шешім қабылдауы үшін өз ұсыныстарын енгізуге;

7.1.45. Орындаушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның не өзге уәкілетті қызметкерінің қолы қойылған ақпаратты (апта сайынғы және ай сайынғы

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

есептер, орындалған жұмыстар актілері және т.б.) ұсынуға міндетті. Бұл ретте, мұндай ақпаратты өзге уәкілетті жұмыскерлер берген жағдайда, Орындаушы осындай өкілеттіктерді растайтын тиісті құжатты ұсынуға;

7.1.46. Объект аяқталған кезде Тапсырыс берушіге құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды беруге;

7.1.47. осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты Орындаушы мамандарының өмірі мен денсаулығын өз бетінше және өз есебінен сақтандыру. Тапсырыс беруші Орындаушы қызметкерлерінің өміріне және/немесе денсаулығына залал немесе зиян келтіргені үшін, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің сақтандыру бойынша көрсетілген міндеттемелерді сақтамағаны үшін жауапты болмайды;

7.1.48. Орындаушының осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерін сапасыз орындау нәтижесінде туындаған салдармен байланысты мәселелер қаралатын соттардағы немесе өзге де органдардағы істер бойынша Тапсырыс берушіні тартуға құқығы жоқ;

7.1.49. осы Шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы, Тапсырыс беруші және Екінші деңгейдегі банк арасында Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын тиісінше бақылау үшін Орындаушыға Тапсырыс берушінің банктік шотынан барлық төлем құжаттарын қосымша авторизациялауды (келісуді) беру туралы келісім жасауға.

Ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылау туралы бұйрықпен бекітілген Орындаушының өкілі (қызметкері) осы Шарттың 2.1.1.т. және 16-бабында көрсетілген есеп айырысу шотынан ақша операцияларын жүзеге асыру құқығынсыз барлық төлемдерді тексеруді және растауды жүргізеді. Авторландыру (келісу) онлайн-банкинг құралдары бойынша жүзеге асырылады және / немесе Тапсырыс беруші Заңның 20 және 36-баптарына, жобалау-сметалық құжаттамаға және орындалған жұмыстар актісіне сәйкес қалыптастырған қағаз жеткізгіштегі төлемдерді қолма-қол келіседі;

7.1.50. есептегі ескертулерді бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жоюға;

7.1.51. құрылыс объектісі бойынша Тапсырыс берушінің шарттарын жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген құнға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

7.1.52. құрылыс объектісі бойынша қаржылық және техникалық құжаттаманы құрылыстың басынан бастап компаниядан кепілдік алған сәтке дейін тексеруді жүзеге асыруға;

7.1.53. құрылыс объектісін салу мерзімін ұзарту бойынша Тапсырыс беруші негіздемелерін қарастыру, Компанияның/Құрылыс салушының/Уәкілетті компанияның сұранысы бойынша Басқарушы компания мен Бас мердігердің контрагенттерін тексере отырып, қалған жұмыстарға және құрылыс материалдарын сатып алуға талдау жүргізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау үшін құрылыс ұзақтығының мерзімдерін болжау және сұраныста белгіленген мерзімде Жоба бойынша ұзарту мүмкіндігін бағалау;

7.1.54. құрылыс объектісін уәкілетті орган тексерген кезде Тапсырыс беруші мен компанияны дереу хабардар ету;

7.1.55. құрылыс объектісін консервациялауға қатысу;

б) келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, инжинирингтік компанияның сарапшылары мен өзге де мамандары туралы ақпарат:

а) жеке куәліктің көшірмелері, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері, заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың және инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған өзге де мамандардың білімі (дипломдары) туралы құжаттардың көшірмелері;

б) бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау жүргізу бөлігінде, сондай-ақ тіреу және қоршау конструкциялары, инженерлік желілер және технологиялық жабдықтар бөлігінде инжинирингтік қызметтер көрсетуге сарапшыларды аттестаттауды растайтын құжаттардың көшірмелері;

в) қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру бойынша маманның (-дардың) тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері (еңбек кітапшасы немесе зейнетақы қорынан үзінді).

7) инжинирингтік компанияны таңдау бойынша конкурсқа қатысуға жоспарланған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және мамандардың Т.А.Ә. өзгергенін растайтын құжаттардың көшірмелері (Т.А.Ә. ауысқан жағдайда);

8) I немесе II жауапкершілік деңгейінен төмен емес объектілер бойынша тапсырыс берушілерден кемінде 3 оң пікір;

9) өтінімде ұсынылған инжинирингтік компания сарапшыларының осы объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатыспағаны және құрылыс салушымен немесе уәкілетті компаниямен немесе бас мердігермен еңбек, қаржылық немесе өзге де тәуелді қатынастарда болмағаны туралы растау-хат;

10) басшы мен аттестатталған сарапшылардың компанияның, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, осы құрылыс жобасының Мердігерінің (Бас мердігерінің) басшылығына қатысты үлестес болып табылмайтындығын растау туралы хат;



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

11) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 12-1-бабына сәйкес инжинирингтік компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

### **3. Инжинирингтік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар**

5. Инжинирингтік компания мынадай талаптарға сәйкес инжинирингтік қызметтер көрсетуі тиіс:

1) инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған шарт жасалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші мен Компанияның атына мамандар тізбесін және аттестатталған сарапшыны көрсетілген Құрылыс Объектісіне бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелерін, аттестатталған сарапшылардың жеке куәліктерінің көшірмелерін, аттестаттардың және өзге де біліктілік құжаттарының көшірмелерін (болған кезде) ұсынуды қамтамасыз ету;

2) инжинирингтік компания, Тапсырыс беруші және екінші деңгейдегі банк арасында банктік шоттан төлем құжаттарын қосымша авторизациялауды (келісуді) ұсыну туралы тиісті келісім жасасуды қамтамасыз ету;

3) байланыс және электр беру желілерінің күзет аймақтарында, темір жолдар мен автомобиль жолдарына бөлінген белдеулерде жұмыс жүргізуге жазбаша рұқсаттардың болуын тексеруді қамтамасыз ету;

4) Тапсырыс беруші мен компанияға объект бойынша кемшіліктер мен жасырын ақаулар, жетіспейтін құжаттар, Рұқсаттар және т.б. табылғаны туралы дереу хабарлауды қамтамасыз ету және оларды жою туралы көрсете отырып, бұл туралы ақпаратты техникалық қадағалау журналына енгізу;

5) Тапсырыс беруші мен Компанияға Объект құрылысына көзделген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны туралы дереу хабарлауды қамтамасыз ету;

6) инжинирингтік компанияның есебінде ескертулерді уақтылы жоюды қамтамасыз ету;

7) Уәкілетті компания шарттарының объект бойынша жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген құнға сәйкестігін тексеруді қамтамасыз ету;

8) құрылыс басталғаннан бастап КЖАК жасасқан сәтке дейін Объект бойынша қаржы және техникалық құжаттаманы тексеруді қамтамасыз ету;

9) жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістерді қарау мен келісуді қамтамасыз ету;

10) Объект құрылысының мерзімін ұзартуды негіздеу бойынша мәселені қарауды қамтамасыз ету;

11) Тапсырыс беруші мен Компанияны тиісті уәкілетті органдардың объектіні тексеруі туралы дереу хабардар етуді қамтамасыз ету;

12) Объектіде бекітілген аттестатталған сарапшылардың тұрақты болуын қамтамасыз ету (күн сайын: 1 ауысымда жұмыс істеу кезінде - 8 сағат, 2 ауысымда жұмыс істеу кезінде - 16 сағат);

13) Объектідегі жұмыстардың барлық түрлерін, оның ішінде фото-, бейне тіркеумен және журналға жазбалар енгізумен жасырын жұмыстарды орындау кезінде қатысуды қамтамасыз ету;

14) Объектідегі жұмыстардың барлық түрлерін, оның ішінде фото-, бейне тіркеумен және журналға жазбалар енгізумен жасырын жұмыстарды орындау кезінде қатысуды қамтамасыз ету. Тапсырыс берушімен және Компаниямен келісілген, анықталған бұзушылықтарды жою үшін жеткілікті қисынды мерзімді белгілей отырып, анықталған

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

бұзушылықтарды жою туралы Мердігерге (Бас мердігерге) жазбаша нұсқама беруді қамтамасыз ету (оның ішінде технологияны бұзушылықтар, жобадан ауытқулар анықталған, сапасыз құрылыс материалдарын қолдану кезінде);

15) жобалау-сметалық құжаттамада және Тапсырыс беруші бекіткен Объектіде жұмыстар жүргізу кестесінде көзделген құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалу мерзімдерін бақылауды қамтамасыз ету;

16) Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін ұзартуға, қосымша немесе болжанбаған жұмыстарды өтеуге, шығындарға қатысты кінә қоюды тексеруді қамтамасыз ету және Тапсырыс беруші мен Компанияға ұсынымдар беру;

17) кестеге сәйкес тиісті кезең үшін инжинирингтік қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуге қажетті құжаттарды кейіннен Тапсырыс беруші мен Компанияға 3 данада ұсына отырып, тексеруді қамтамасыз ету;

18) орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілген сапа, көлем және құн туралы мәліметтердің олардың жергілікті сметалар мен жинақтау ведомостарына сәйкестігін тексеруді қамтамасыз ету;

19) құрылыстың материалдық ресурстармен, техникалық құралдармен және білікті жұмыс күшімен қажеттілігі мен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің болуын қамтамасыз ету және бұл туралы Тапсырыс берушіні, Компанияны және Мердігерді хабардар ету;

20) Тапсырыс берушіге және Компанияға инжинирингтік қызметтер көрсетуге арналған шартқа 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда Мердігердің (бас мердігердің) орындаған жұмыс түрлері туралы техникалық есепті апта сайын ұсынуды қамтамасыз ету;

21) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті органның 2016 жылғы 28 шілдедегі № 339 бұйрығымен бекітілген, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне қарай Тапсырыс берушіге және компанияға құрылыс барысын мониторингтеу нәтижелері туралы кеңейтілген есепті фото/бейне материалдармен, анықталған ескертулерді сипаттаумен, оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау туралы ұсыныстармен нысан бойынша ай сайын ұсынуды қамтамасыз ету;

22) орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне есепті айда пайдаланылған құрылыс материалдарына, жабдықтарға, бұйымдар мен конструкцияларға сертификаттарды, паспорттарды қоса бере отырып, қолданылатын құрылыс материалдарының, конструкциялардың, бұйымдар мен жабдықтардың сапасын бақылауды қамтамасыз ету;

23) құрылыс алаңында қолданылатын материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды қоймалау және сақтау ережесінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

24) Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен жабдықтарын қолдану технологияларының өндірушілер зауыттарының техникалық жағдайларына сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету;

25) Объект құрылысында қолданылатын материалдарға, конструкцияларға және жабдықтарға зауыт құжаттамасының (паспорттардың, сертификаттардың, кепілдік құжаттардың) болуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

26) бастапқы атқарушы техникалық құжаттаманың (атқарушылық схемалардың, монтаждалған конструкциялардың, ғимараттардың, құрылыстар мен инженерлік коммуникациялардың бөліктерінің, жұмыстардың жалпы және арнайы журналдарының) бар болуына және дұрыс жүргізілуіне бақылауды және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер мен ақауларға байланысты оған өзгерістер енгізуді қамтамасыз ету;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

27) орындалған жұмыстардың, конструкциялардың, инженерлік желілер учаскелерінің жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету (қажет болған кезде);

28) орындалған жұмыстарға бақылау тексерулерін жүргізе отырып, жасырын жұмыстар актілеріне қол қойылғанға дейін кейінгі жұмыстарды орындауға жол бермеу туралы талаптардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

29) жоба авторымен бірлесіп Мердігерге (Бас мердігерге) геодезиялық бөлу негізін қабылдауға және беруге қатысуды қамтамасыз ету, сондай-ақ құрылыс аяқталғанға дейін Мердігердің (Бас мердігердің) оның сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

30) Объектінің пайдалануға тапсыруға дайындығын растауды және Объектіні Тапсырыс берушіге беру кезінде қатысуды қамтамасыз ету;

31) Объектіні пайдалануға енгізу жоспарланып отырған күн туралы 10 (он) жұмыс күні бұрын Компанияны хабардар ету;

32) Уәкілетті компания үлескерлерге үлес бергеннен кейін банк шотынан төлем құжаттарын қосымша авторизациялауды (келісуді) алуды қамтамасыз ету. Бұл ретте Уәкілетті компания объектіні пайдалануға бергеннен кейін бір ай ішінде үлескерлерге үлесті беруді қамтамасыз етуге тиіс;

33) Тапсырыс беруші мен Компанияға объектілерді пайдалануға қабылдау туралы ұсынымдар бере отырып, құрылыс аяқталған объектілерге байқау, зерттеп-қарау жүргізуді және қажет болған кезде ескертулерді (бар болса) көрсете отырып, оларды Мердігердің (Бас мердігердің) толық жоюын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету болып табылады;

34) технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасының сәйкестігіне бақылау жүргізуді, оның ішінде белгіленген нормативтердің талаптарына операциялық бақылау жүргізуді қамтамасыз ету;

35) Мердігердің (Бас мердігердің) анықталған ақауларды жою жөніндегі кепілдік міндеттемелерді орындауын тексеруді қамтамасыз ету;

36) инжинирингтік қызметтер көрсету кезінде Мердігердің (Бас мердігердің) шаруашылық қызметіне араласпауды қамтамасыз ету;

37) монтаждауға түсетін жабдық жобасының жай-күйі мен сәйкестігін мемлекеттік қадағалау, құрылысты қадағалау органдары жүргізетін тексерулерге, оны монтаждау сапасын бағалауға, кешенді сынауға және сынаудан кейін қабылдауға қатысуды қамтамасыз ету;

38) қабылданған және төленген құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі мен құнын, сондай-ақ мердігерлік ұйым құрылыс-монтаждау жұмыстарын сапасыз орындаған көлемі мен құнын және ақаулар мен қайта жасауды жоюға жұмсалған шығындарды есепке алуды, сондай-ақ осы құрылыс Объектісі бойынша Объектінің құрылысына бөлінген үлескерлердің ақша қаражатын есепке алуды тексеруді қамтамасыз ету;

39) консервациялауға жататын объектілерді, ғимараттар мен құрылыстарды куәландыруға және кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды консервациялауға немесе құрылысын уақытша тоқтатуға арналған құжаттаманы ресімдеуге, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жалғастыру немесе қайта бастау үшін құрылыс-монтаждау ұйымдарына беру кезінде объектілердің техникалық жай-күйін бағалауға қатысуды қамтамасыз ету;

40) жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға қатысуды қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда бақылау өлшемдері мен сынақтарын орындау және олардың нәтижелерінің тиісінше ресімделуін және оларды қабылдау актілеріне қол қоюды бақылауды қамтамасыз ету;

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

- 41) мемлекеттік қадағалау және жергілікті өзін-өзі басқару органдары талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;
- 42) Объект бойынша алынған құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету;
- 43) нарықта ұқсас материалдар мен жабдықтарға салыстырмалы талдау жүргізу арқылы жобада пайдаланылатын жабдықтар мен материалдар бағасының мониторингін қамтамасыз ету;
- 44) Объект аумағынан тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлау және әкету фактілерін қадағалауды қамтамасыз ету;
- 45) авторлық қадағалау сарапшыларымен, Мердігер (Бас мердігер) қызметтерінің құрылыс сапасын өндірістік бақылау қызметкерлерімен, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының мамандарымен байланыста техникалық қадағалау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 46) авторлық қадағалаумен, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органымен жүзеге асырылатын тексерулерге қатысуды және тиісті журналдарға белгі қоя отырып, тексеру кезінде алынған нұсқауларды Мердігердің (Бас мердігердің) орындауын бақылауды қамтамасыз ету;
- 47) Мердігерден (Бас мердігерден) құрылыс алаңында материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтаудың тиісті шарттарын сақтау және олардың Тапсырыс беруші мен компанияға тапсырғанға дейін орындалған жұмыстардың, тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету қажеттігі жөніндегі талапты қамтамасыз ету;
- 48) Мердігердің (Бас мердігердің) құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамамен қамтамасыз етілуі және оның сапасы мәселелері бойынша, сондай-ақ жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдап алу мәселелері бойынша наразылықтарын қарауды және осы наразылықтар бойынша шешімнің қабылдануын қамтамасыз ету немесе Тапсырыс беруші мен Компанияның шешім қабылдауы үшін ұсыныстар енгізу;
- 49) конструкциялардың бүлінуі мен қирауы, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төнген, сондай-ақ ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі техникалық қадағалау нұсқауларын орындамаған жағдайларда жұмыс жүргізуді тоқтата тұруды (кейіннен компанияға, Тапсырыс берушіге және мердігерге (Бас мердігерге) жазбаша хабардар ете отырып) қамтамасыз ету;
- 50) Мердігерге (Бас мердігерге), ал қажет болған жағдайларда Тапсырыс беруші мен Компанияға жобалау-сметалық құжаттама мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұзатын және техникалық қадағалау нұсқауларын орындамайтын адамдарды жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізуді қамтамасыз ету жатады.

**Тапсырыс беруші:**

Заңды мекенжайы:

**Компания:**

Заңды мекенжайы:

**Орындаушы:**

Заңды мекенжайы:

—  
МО

—  
МО

—  
МО

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен 10-қосымша жаңа редакцияда \(бұр.ред.қара\)](#); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.11.№ 113 [шешімімен 10-қосымша өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)*

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен*

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

*тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде  
көппәтерлі тұрғын үй салу кезінде  
инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [Регламентке](#)  
10-қосымша*

### Комиссия мүшелерінің қорытындылары

Инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі комиссияның әрбір мүшесі комиссия хатшысының өз шешімін тиісті электрондық хаттамаларда кейіннен және тиісінше баяндауы мақсатында осы Регламенттің 8-бөлімінде көзделген құзырет шеңберінде инжинирингтік компанияның қаралатын құжаттарын Регламенттің 10-қосымшасының 1-кестесінде бөлуге сәйкес үміткерлердің ұсыныстарын қарайды.

1-кесте

### Инжинирингтік компания құжаттарының тізбесі

№	Құжаттың атауы және қысқаша мазмұны	Құжат мәртебесі	Жауапты ҚБ
1.	Жарғы және Құрылтай шарты (егер Жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса, құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер бар құрылтай құжаттарынан үзінді көшірме ұсынылады)	Көшірмелері	ҚҚД
2.	Ұсыныстарды ашу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы алынған үміткердің бірінші басшысының және бас бухгалтерінің соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама	«Электрондық үкімет» порталынан электрондық құжат	ҚҚД
3.	Ұсыныстарды ашу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы алынған заңды тұлғаның (үміткердің) үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы мәліметтер	«Электрондық үкімет» порталынан электрондық құжат	ҚҚД
4.	Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің	Тиісті салық органының салық берешегінің және міндетті төлемдер	БТА

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	жоқтығы туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде айқындалады	бойынша берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы белгіленген нысандағы анықтамасы	
5.	Техникалық ерекшелікке сәйкес келетін жауапкершілік деңгейін техникалық қадағалау және техникалық тексеру бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу	«Электрондық лицензиялау» порталынан электрондық құжат	ТСМД
6.	Салық органының қабылданғаны туралы хабарламамен салық декларациясымен (жеңілдетілген декларацияны тапсырған кезде 100-нысан немесе өзге нысан) расталған заңды тұлғаның соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп)	Көшірмесі	ЗТЖД
7.	Келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, әрбір жоба бөлінісінде инжинирингтік компанияның жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат: а) инжинирингтік қызметтер көрсетуге, заңды тұлғаға арналған шарттар; б) Жеке тұлғаларға пайдалануға беру актілері; в) заңды тұлға мен жеке тұлға арасындағы еңбек қатынастарын растай отырып, сарапшы қол қойған пайдалануға беру актілері	Көшірмелері	ТСМД (кейіннен түпнұсқамен салыстыру)
8.	Заңды тұлғаның бірінші басшысының және бас бухгалтерінің, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың және өзге де мамандардың жеке куәліктері	Көшірмелері	ТСМД
9.	Егер Бас бухгалтер инжинирингтік компанияның штат кестесінде көзделмесе, бас бухгалтердің жоқтығы туралы растау хатын ұсыну	Көшірмесі	ТСМД
10.	Инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған заңды тұлға басшысын,	Көшірмелері	ТСМД

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	аттестатталған сарапшыларды және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандарды және өзге де мамандарды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар		
11.	Инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың білімі туралы құжаттар (дипломдар)	Көшірмелері	ТСМД
12.	Бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды жүргізу бөлігінде, сондай-ақ көтергіш және қоршау конструкциялары, инженерлік желілер мен технологиялық жабдықтар бөлігінде сарапшылардың инжинирингтік қызметтер көрсетуге аттестатталғанын растайтын құжаттар	«Электрондық лицензиялау» порталынан электрондық құжат	ТСМД
13.	Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру бойынша маманның (мамандардың) тәжірибесін растайтын құжаттар (еңбек кітапшасы немесе зейнетақы қорынан үзінді көшірме);	Көшірмелері	ТСМД
14.	Инжинирингтік компанияны іріктеуге қатысуға жоспарланған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және мамандардың ТАӘ-нің ауысуын растайтын құжаттар (ТАӘ ауысқан жағдайда)	Көшірмелері	ТСМД
15.	I немесе II жауапкершілік деңгейінен төмен емес объектілер бойынша тапсырыс берушілерден кемінде үш оң пікірлер	Көшірмелері	ТСМД
16.	Өтінімде ұсынылған инжинирингтік компанияның сарапшылары осы Объектінің ЖСҚ әзірлеуге қатыспағаны және құрылыс салушымен немесе уәкілетті компаниямен немесе бас мердігермен еңбек, қаржылық немесе	Көшірмесі	ТСМД

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	өзге де тәуелді қатынастарда болмағаны туралы растау хаты		
17.	Басшының және аттестатталған сарапшылардың осы құрылыс жобасының компаниясының, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, мердігердің (бас мердігердің) басшылығына қатысты үлестес болып табылмайтындығы туралы растау-хат	Көшірмесі	БТА
18.	Инжинирингтік компанияның сарапшылары өзге құрылыс объектілерінде бекітілмегені туралы растау-хат	Көшірмесі	ТСМД
19.	Инжинирингтік компанияның қайта құру, тарату немесе банкроттық процесінде емес екендігі туралы растау хаты	Көшірмесі	ТСМД
20.	Жалдау шартымен немесе құқық белгілейтін құжаттармен расталған кеңсенің болуы туралы мәліметтер	Көшірмелері	ТСМД
21.	Инжинирингтік компанияның барлық тіркеу іс-әрекеттері туралы уәкілетті органның мәліметтері	Көшірмелері	ҚҚД
22.	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 12-1-бабына сәйкес инжинирингтік компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер	Көшірмелері	БТА

### Қаржылық бағалау:

#### Қаржылық тұрақтылықты талдау

Параметрдің атауы және есебі	Мәні
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған активтер	
Салық декларациясымен қаржылық есептілікті растау	

ЗТЖД көрсеткен қорытынды және ұсынымдар (үміткердің Регламент талаптарына сәйкестігін не сәйкес) еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі)

### Құқықтық бағалау:

Заңды қорытынды:

инжинирингтік компанияның құрылтай құжаттарын тіркеу деректеріне сәйкестігі тұрғысынан сараптау;

инжинирингтік компанияның қажетті рұқсат құжаттарының болуын тексеру;

ұсынылған құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексеруден тұратын.

Құрылтай құжаттарына шолу.

Заңды тұлғаның атауы:

Ұйымдық-құқықтық нысаны:



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

Орналасқан жері (заңды мекен-жайы):

Жоғары басқару органы:

Атқарушы орган:

Құрылтайшылар /қатысушылар:

Қажетті рұқсат құжаттарының болуы.

Заң талаптарына сәйкестігін тексеру.

Электрондық хаттамаларда құқықтық қызметтен мүше көрсететін Қорытынды мен ұсынымдар (үміткердің өткізілетін іріктеу талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

**Техникалық бағалау:**

**Техникалық құжаттаманы және мамандар бойынша талдау:**

Талап	Мағынасы	Бағалау (сәйкес келеді/ сәйкес келмейді)
Осы құрылыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатысу	қабылданды/қабылданбады	
Көрсетілген инжинирингтік қызметтер туралы тапсырыс берушілерден кемінде үш пікір ұсына отырып, Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға берілген құрылыс объектілері бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету тәжірибесі	Аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні, объектілерді пайдалануға қабылдаудың қол қойылған актілерінің саны, пікірлер саны	
Жіберілген талаптарға сәйкес сарапшылар саны	сарапшылар саны, адам	
Ақшаның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру үшін штатта маманның (мамандардың) болуы	Еңбек қатынастарын растайтын құжаттың деректемелері	
Офистің болуы	мекен-жайы	
Өзге құрылыс объектілерінде бекітілген инжинирингтік компанияның сарапшыларын тарту	тартылған/ тартылмаған	

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

ТСМД мүшесі электрондық хаттамаларда көрсеткен тұжырымдар мен ұсынымдар (үміткердің өткізілетін іріктеу талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

**БТА-тан комиссия мүшесінің бағалауы:**

Тексеру:

- 1) инжинирингтік компания ұсынған мәліметтердің дұрыстығын;
- 2) үміткерлерде осы Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көзделген шектеулердің болуын/болмауын;
- 3) құрылтайшылардың, менеджменттің және сарапшылардың, инжинирингтік компанияның шығындарын есепке алу жөніндегі маманның «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Құрылыс салушыға, Компанияға, Мердігерге және Уәкілетті компанияға үлестес болуын/болмауын;
- 4) инжинирингтік компанияның іскерлік беделін және оның менеджментін;
- 5) ресми танылған көздерден салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болуы (болмауы) туралы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді қамтиды.

**Үміткерлердің (инжинирингтік компанияның) аффилирленуі және Компаниямен байланысы:**

Қоғаммен аффилирлену	Қоғаммен үлестес тұлғалардың тізбесі	Құрылыс салушымен/уәкілетті компаниямен/ инжинирингтік компаниямен/ сарапшылармен үлестес тұлғалардың тізбесі
ЕДБ / үшінші тұлғалар / салық ұйымы алдындағы міндеттемелер		
Құқық бұзушылықтардың болуы		

БТА мүшесі электрондық хаттамаларда көрсететін қорытындылар мен ұсынымдар (үміткердің өткізілетін іріктеу талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.16.08. № 80 [шешімімен](#) 11-қосымшамен толықтырылды; «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.09. № 96 [шешімімен](#) 11-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Басқармасының 2023.28.11.№ 113 [шешімімен](#) 11-қосымша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

*«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру шеңберінде көппәтерлі тұрғын үй салу кезінде инжинирингтік компанияны іріктеу жөніндегі [регламентке](#) 11-қосымша*

### Құрылымдық бөлімшелердің қорытындылары

Жауапты құрылымдық бөлімшелер осы Регламенттің 2.1-бөлімінде көзделген құзырет шеңберінде Басқарушы компания ұсынған инжинирингтік құжаттарды Регламенттің 11-қосымшасының 1-кестесінде бөлуге сәйкес қарайды.

1-кесте

### Инжинирингтік компания құжаттарының тізбесі

№	Құжаттың атауы және қысқаша мазмұны	Құжат мәртебесі	Жауапты БК
1.	Жарғы және құрылтай шарты (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса, құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер бар құрылтай құжаттарынан үзінді көшірме ұсынылады)	Көшірмелер	ҚҚД
2.	Ұсыныстарды ашу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы алынған үміткердің бірінші басшысының және бас бухгалтерінің соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама	«Электрондық үкімет» порталынан электрондық құжат	ҚҚД
3.	Ұсыныстарды ашу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы алынған заңды тұлғаның	«Электрондық үкімет» порталынан электрондық құжат	ҚҚД

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	(үміткердің) үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы мәліметтер		
4.	Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде айқындалады	Тиісті салық органының салық берешегінің және міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы белгіленген нысандағы анықтамасы	БТА
5.	Техникалық ерекшелікке сәйкес келетін жауапкершілік деңгейін техникалық қадағалау және техникалық тексеру бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу	«Электрондық лицензиялау» порталынан электрондық құжат	ТСМД
6.	Салық органының қабылданғаны туралы хабарламамен салық декларациясымен (жеңілдетілген декларацияны тапсырған кезде 100-нысан немесе өзге нысан) расталған заңды тұлғаның соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп)	Көшірме	ЗТЖД
7.	Келесі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, әрбір жоба бөлінісінде инжинирингтік компанияның жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат: а) инжинирингтік қызметтер көрсетуге, заңды тұлғаға арналған шарттар; б) Жеке тұлғаларға пайдалануға беру актілері; в) заңды тұлға мен жеке тұлға арасындағы еңбек қатынастарын растай отырып, сарапшы қол	Көшірмелер	ТСМД (кейіннен түпнұсқамен салыстыру)

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	қойған пайдалануға беру актілері		
8.	Заңды тұлғаның бірінші басшысының және Бас бухгалтерінің, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың және өзге де мамандардың жеке куәліктері	Көшірмелер	ТСМД
9.	Егер Бас бухгалтер инжинирингтік компанияның штат кестесінде көзделмесе, Бас бухгалтердің жоқтығы туралы растау хатын ұсыну	Көшірмелер	ТСМД
10.	Инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған заңды тұлға басшысын, аттестатталған сарапшыларды және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандарды және өзге де мамандарды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар	Көшірмелер	ТСМД
11.	Инжинирингтік компанияны таңдау жөніндегі конкурсқа қатысуға жоспарланған заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын мамандардың білімі туралы құжаттар (дипломдар)	Көшірмелер	ТСМД
12.	Бірінші немесе екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды жүргізу бөлігінде, сондай-ақ көтергіш және қоршау конструкциялары, инженерлік желілер мен технологиялық жабдықтар бөлігінде сарапшылардың инжинирингтік қызметтер көрсетуге	«Электрондық лицензиялау» порталынан электрондық құжат	ТСМД

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	аттестатталғанын растайтын құжаттар		
13.	Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру бойынша маманның (мамандардың) тәжірибесін растайтын құжаттар (еңбек кітапшасы немесе зейнетақы қорынан үзінді көшірме);	Көшірмелер	ТСМД
14.	Инжинирингтік компанияны іріктеуге қатысуға жоспарланған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға басшысының, аттестатталған сарапшылардың және мамандардың ТАӘ-нің ауысуын растайтын құжаттар (ТАӘ ауысқан жағдайда)	Көшірмелер	ТСМД
15.	I немесе II жауапкершілік деңгейінен төмен емес объектілер бойынша тапсырыс берушілерден кемінде үш оң пікірлер	Көшірмелер	ТСМД
16.	Өтінімде ұсынылған инжинирингтік компанияның сарапшылары осы Объектінің ЖСҚ әзірлеуге қатыспағаны және Құрылыс салушымен немесе Уәкілетті компаниямен немесе Бас мердігермен еңбек, қаржылық немесе өзге де тәуелді қатынастарда болмағаны туралы растау хаты	Көшірме	ТСМД
17.	Басшының және аттестатталған сарапшылардың осы құрылыс жобасының компаниясының, құрылыс салушының, уәкілетті компанияның, мердігердің (Бас мердігердің) басшылығына қатысты үлестес болып табылмайтындығы туралы растау-хат	Көшірме	БТА
18.	Инжинирингтік компанияның сарапшылары өзге құрылыс	Көшірме	ТСМД

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

	объектілерінде бекітілмегені туралы растау-хат		
19.	Инжинирингтік компанияның қайта құру, тарату немесе банкроттық процесінде емес екендігі туралы растау хаты	Көшірме	ТСМД
20.	Жалдау шартымен немесе құқық белгілейтін құжаттармен расталған офистің болуы туралы мәліметтер	Көшірмелер	ТСМД
21.	Инжинирингтік компанияның барлық тіркеу іс-әрекеттері туралы уәкілетті органның мәліметтері	Көшірмелер	ҚҚД
22.	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 12-1-бабына сәйкес инжинирингтік компанияның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.	Көшірмелер	БТА

**Қаржылық бағалау:**

**Қаржылық тұрақтылықты талдау**

Параметрдің атауы және есебі	Мәні
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалған активтер	
Салық декларациясымен қаржылық есептілікті растау	

ЗТЖД көрсеткен қорытынды және ұсынымдар (үміткердің Регламент талаптарына сәйкестігін не сәйкес) еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі)

**Құқықтық бағалау:**

Заңды қорытынды келесілерден тұрады:

инжинирингтік компанияның құрылтай құжаттарын тіркеу деректеріне сәйкестігі тұрғысынан сараптау;

инжинирингтік компанияның қажетті рұқсат құжаттарының болуын тексеру;

ұсынылған құжаттардың заң талаптарына сәйкестігін тексеруден тұрады.

Құрылтай құжаттарына шолу.

Заңды тұлғаның атауы:

Ұйымдық-құқықтық нысаны:

Орналасқан жері (заңды мекен-жайы):

Жоғары басқару органы:

Атқарушы орган:

Құрылтайшылар/қатысушылар:

Қажетті рұқсат құжаттарының болуы.

Заң талаптарына сәйкестігін тексеру.

Документ: ««Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

ҚҚД көрсеткен тұжырымдар мен ұсынымдар (үміткердің Регламент талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

**Техникалық бағалау:**

**Техникалық құжаттаманы және мамандар бойынша талдау:**

**Техникалық құжаттаманы және мамандар бойынша талдау:**

Талап	Мағынасы	Бағалау (сәйкес келеді/ сәйкес келмейді)
Осы құрылыс жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қатысу	қабылданды/қабылданбады	
Көрсетілген инжинирингтік қызметтер туралы Тапсырыс берушілерден кемінде үш пікір ұсына отырып, Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға берілген құрылыс объектілері бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету тәжірибесі	Аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні, объектілерді пайдалануға қабылдаудың қол қойылған актілерінің саны, пікірлер саны	
Жіберілген талаптарға сәйкес сарапшылар саны	сарапшылар саны, адам	
Ақшаның мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру үшін штатта маманның (мамандардың) болуы	Еңбек қатынастарын растайтын құжаттың деректемелері	
Офистің болуы	мекен-жайы	
Өзге құрылыс объектілерінде бекітілген Инжинирингтік компанияның сарапшыларын тарту	тартылған/ тартылмаған	

ТСМД көрсететін қорытынды және ұсынымдар (үміткердің Регламент талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

**БТА бағалауы:**

- 1) инжинирингтік компания ұсынған мәліметтердің дұрыстығын;
- 2) үміткерлерде осы Регламенттің 13 және 14-тармақтарында көзделген шектеулердің болуын/болмауын;



Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.

3) құрылтайшылардың, менеджменттің және сарапшылардың, инжинирингтік компанияның шығындарын есепке алу жөніндегі маманның «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылыс салушыға, Компанияға, Мердігерге және Уәкілетті компанияға үлестес болуын/болмауын;

4) инжинирингтік компанияның іскерлік беделі және оның менеджменті;

5) ресми танылған көздерден салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болуы (болмауы) туралы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді тексеру.

**Үміткерлердің (инжинирингтік компанияның) аффилирленуі және Компаниямен байланысы:**

Қоғаммен аффилирлену	Қоғаммен үлестес тұлғалардың тізбесі	Құрылыс салушымен/уәкілетті компаниямен/инжинирингтік компаниямен/ сарапшылармен үлестес тұлғалардың тізбесі
ЕДБ / үшінші тұлғалар / салық ұйымы алдындағы міндеттемелер		
Құқық бұзушылықтардың болуы		

БТА көрсететін қорытынды мен ұсынымдар (үміткердің Регламент талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін егжей-тегжейлі баяндау талап етіледі).

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамының қолдау құралдары шеңберінде көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы кезінде инжинирингтік компанияны айқындау жөніндегі регламенті («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген) (2023.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 26.04.2022 г.